

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 қарашадағы N 1237 Қаулысы

Ескерту. 2, 3 және 4-тармақтарды қоспағанда, күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.09.2014 № 995 қаулысымен.

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.05.14 N 416 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" 2004 жылғы 29 қыркүйектегі N 1449 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі туралы ереже;
- 2) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 26.02.2013 N 186 қаулысымен.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.05.14 N 416; 26.02.2013 N 186 қаулыларымен.

2. Мыналар:

- 1) Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитеті;
- 2) Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Шағын бизнесті қолдау жөніндегі комитеті, осы Комитеттің штат саны мен мемлекеттік мүлкі Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің орталық аппаратына беріле отырып, таратылсын.

3. Мыналар:

- 1) Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Өнеркәсіп және ғылыми-техникалық дамыту комитеті;
- 2) Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Бәсекелестікті қорғау комитеті және оның аумақтық бөлімшелері;
- 3) Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті құрылсын.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.06.06 N 509, 2006.08.02 N 730 қаулыларымен.

4. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті болып қайта аталсын.

5. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.06.27 N 589 қаулысымен.

6. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 26.02.2013 N 186 қаулысымен.

7. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.12.05. N 1180 (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз) **Қ а у л ы с ы м е н .**

8. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігін ұстауға арналған шығыстарды қаржыландыру 2004 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Білім және ғылым, Энергетика және минералдық

ресурстар, Денсаулық сақтау, Ауыл шаруашылығы министрліктерінен Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне берілетін функцияларды ұстауға, сондай-ақ қайта ұйымдастырылатын Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі, Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттіктерін ұстауға көзделген қаражат есебінен берілетін штат санының шегінде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

9. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым, Денсаулық сақтау, Ауыл шаруашылығы министрліктері, Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі, Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттіктері берілетін функциялар шеңберінде Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне Жарлыққа қол қойылған күні берілетін бөлімшелер қызметкерлерінің пайдалануындағы мемлекеттік мүлікті қоса алғанда, құрылымдық бөлімшелерді беруді қамтамасыз етсін.

10. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1) **күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен;**

2) "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 6 5 9

қ а у л ы с ы н д а :

к ө р с е т і л г е н к а у л ы ғ а қ о с ы м ш а д а :

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне" деген бөлімде реттік нөмірі 205-12-жол алынып т а с т а л с ы н ;

"Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігіне" деген бөлімде реттік нөмірі 235-жол алынып т а с т а л с ы н ;

"Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитеті" деген бөлімнің тақырыбындағы "Құрылыс" деген сөзден кейін "және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық" деген сөздермен толықтырылсын, мемлекеттік тілдегі мәтінде "жөніндегі" деген сөз алынып тасталсын.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

11. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

12. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 4 ж ы л ғы 2 6 қ а р а ш а д а ғы
N 1 2 3 7 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі туралы ереже

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 26.02.2013 N 186 қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі индустрия және елді индустриялық-инновациялық, ғылыми-техникалық дамыту, тау-кен металлургиялық кешені, машина жасау, химия, фармацевтика және медицина өнеркәсібі, жеңіл, ағаш өңдеу және жиһаз өнеркәсібі, құрылыс индустриясы және құрылыс материалдары өндірісі; салалық бағыттылығына сәйкес машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі және химия өнімінің қауіпсіздігі; арнайы экономикалық аймақтарды құру, олардың жұмыс істеуі және оларды тарату, экспорттық бақылау; техникалық реттеу және өлшемдер бірлігін қамтамасыз ету; электр энергетикасы; көмірсутегі шикізатын қоспағанда, минералдық ресурстар; мемлекеттік геологиялық зерделеу, минералдық-шикізат базасын ұдайы өндіру, жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану, жер қойнауын пайдалануды қатты пайдалы қазбалар, жер асты сулары мен емдік балшық бөлігінде мемлекеттік басқару; көмір өнеркәсібі; атом энергиясын пайдалану, энергия үнемдеу, туристік қызмет саласында басшылық етуді, инвестицияларды мемлекеттік қолдау саясатын іске асыру, сондай-ақ оның құзыретіне жатқызылған қызмет саласында салааралық үйлестіруді (бұдан әрі – реттелетін салалар) жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің мынадай ведомстволары бар:

- 1) Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Инвестиция комитеті;
- 2) Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Туризм индустриясы комитеті;
- 3) Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Өнеркәсіп комитеті;

4) Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті ;

5) Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау комитеті ;

6) Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті ;

7) Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Атом энергиясы комитеті.

3. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі .

6. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің, егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі басшысының бұйрығымен ресімделетін шешімдер қабылдайды .

8. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі .

9. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 47, «Транспорт Тауэр» ғимараты.

10. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің толық атауы – «Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі» мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің құрылтай құжаты болып табылады .

12. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады .

13. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігіне кәсіпкерлік субъектілерімен Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігіне заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің миссиясы: индустрияны дамыту, елдің индустриялық-инновациялық, ғылыми-техникалық дамуы, сондай-ақ туризм индустриясы мемлекеттік саясатын қалыптастыру.

15 . М і н д е т т е р і :

1) индустрия және елді индустриялық-инновациялық, ғылыми-техникалық дамыту, тау-кен металлургиялық кешені, машина жасау, химия, фармацевтика және медицина, жеңіл, ағаш өңдеу және жиһаз өнеркәсібі, құрылыс индустриясы және құрылыс материалдары өндірісі, салалық бағыттылығына сәйкес машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі және химия өнімінің қауіпсіздігі, арнайы экономикалық аймақтарды құру, олардың жұмыс істеуі және оларды тарату, экспорттық бақылау, техникалық реттеу және өлшемдер бірлігін қамтамасыз ету, электр энергетикасы, қатты пайдалы қазбалар, жер асты сулары және емдік балшық бөлігінде жер қойнауын пайдалану, көмір өнеркәсібі, атом энергиясын пайдалану, мемлекеттік геологиялық зерделеу, минералдық-шикізат базасын ұдайы өндіру, жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану, жер қойнауын пайдалануды қатты пайдалы қазбалар, жер асты сулары мен емдік балшық бөлігінде мемлекеттік басқару, энергия үнемдеу, туристік қызмет саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу ;

2) Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің құзыретіне жатқызылған қызмет саласында мемлекеттік органдарды салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;

3) ғылыми-технологиялық әзірлемелерді енгізу (ғылым мен техника жетістіктерін пайдалану) және жоғары технологиялық өндірістерді қалыптастыру негізінде ел экономикасын дамыту үшін жағдайлар жасау;

4) ұйымдық және экономикалық, оның ішінде мемлекеттік инновациялық саясатты іске асыру үшін инвестициялар тартуды қамтамасыз ететін шарттарды құру жолымен инновациялық қызметті ынталандыру;

5) инвестицияларды мемлекеттік қолдау саясатын іске асыру;

6) экономиканы дамыту және қазіргі заманғы технологияларды қолдана отырып, жаңа өндірістерді құру, жұмыс істеп тұрған өндірістерді кеңейту мен жаңартуға инвестицияларды ынталандыру үшін қолайлы инвестициялық ахуал жасау
б о й ы н ш а ұ с ы н ы с т а р ә з і р л е у ;

7) инвестициялық жобаларды іске асыру және мониторингілеу бойынша шараларды қамтамасыз ету;

8) экономиканы әртараптандыру және үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту үдерістерін үйлестіруді жүзеге а с ы р у ;

9) реттелетін салалардағы мемлекеттік басқару;

10) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігіне жүктелген өзге де м і н д е т т е р д і ж ү з е г е а с ы р у .

16. Орталық аппараттың функциялары:

1) реттелетін салаларда мемлекеттік саясатты қалыптастыруды және іске асыруды қамтамасыз етеді;

2) реттелетін салалардағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

3) халықаралық қаржылық және экономикалық ұйымдармен, сондай-ақ интеграциялық бірлестіктермен өз құзыретіндегі мәселелер бойынша өзара іс-қимыл жасайды;

4) Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігіне бекітілген үкіметаралық комиссиялардың (комитеттердің, кеңестердің) және олардың кіші комиссияларының (кіші комитеттердің, жұмыс топтарының) шеңберінде мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіреді;

5) өз құзыреті шегінде реттелетін салалардағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді, келіседі және бекітеді;

6) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 08.11.2013 № 1190 қаулысымен;

7) реттелетін салалардағы салааралық үйлестіруді жүзеге асырады;

8) Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану мәселелері бойынша заңнамалық актілерін әзірлеу және өзгерту жөніндегі ұсыныстарды енгізеді;

9) Қазақстан Республикасы заңнамасының негізінде және оны орындау үшін атом энергиясын пайдалануға байланысты қызметті регламенттейтін нормалар мен қағидаларды әзірлейді, белгілейді және қабылдайды;

10) радиациялық қауіпсіздікті бағалауды жүзеге асырады, радиациялық қауіпсіздікті бағалау нәтижелерін талдайды ж ә н е б е к і т е д і ;

11) атом энергиясын пайдалану саласындағы нормативтік техникалық құжаттарды әзірлейді, келіседі және бекітеді;

12) ядролық, радиациялық және электрофизикалық қондырғылардың қауіпсіздігі үшін сапаны қамтамасыз ету бағдарламаларының үлгі мазмұнын және оны бекіту тәртібін айқындайды;

13) радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы нормалар мен қағидаларды әзірлейді;

14) Қазақстан Республикасы қатысатын халықаралық шарттарға, келісімдер мен уағдаластықтарға сәйкес экспорттаушы елдің құзыретті мемлекеттік органының сұрау салуы болған кезде ядролық импорт өнімдерін бейбіт мақсатта пайдалану туралы растау береді;

15) Қазақстан Республикасы қатысатын халықаралық шарттарға, келісімдер мен уағдаластықтарға сәйкес ядролық қаруы жоқ елдердің құзыретті мемлекеттік органдарынан ядролық экспорт өнімдерін бейбіт мақсатта пайдалану туралы р а с т а у д ы с ұ р а т а д ы ;

16) өз құзыреті шегінде өңделген отын немесе радиоактивті қалдықтар айналымын мемлекеттік реттеуді жүзеге а с ы р а д ы ;

17) радиациялық қауіпсіздік саласындағы техникалық регламенттерді әзірлейді;

18) иондаушы сәулелендіру көздерімен жұмыс істеу саласындағы лицензиялануға жататын қызмет түрлерін а й қ ы н д а й д ы ;

19) радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, соның ішінде халықтың сәулелену дозаларын бақылау мен есепке алу саласындағы мемлекеттік басқарудың бірыңғай жүйесін құрады және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

20) радиациялық қауіпсіздікке, ядролық материалдар мен иондаушы сәулелендіру көздерін физикалық қорғауға және аварияға қарсы жоспарлауға, есепке алу мен бақылауға қатысты нормалар мен қағидаларды әзірлейді және келіседі;

21) ядролық материалдар мен иондаушы сәулелену көздерін есепке алу мен бақылаудың мемлекеттік жүйелерін к ұ р а д ы ;

- 22) Қазақстан Республикасының Үкіметіне инновациялық гранттар берудің басым бағыттарын айқындау жөніндегі ұсыныстар енгізеді;
- 23) технологиялық болжауды тұрақты негізде үш жылда бір реттен кем емес қорытындылар шығара отырып жүргізеді;
- 24) технологиялық даму саласындағы ұлттық даму институтының жәрдемдесуімен нысаналы технологиялық бағдарламаларды іске асырады;
- 25) ұлттық басқарушы холдингтермен, ұлттық холдингтермен, ұлттық компаниялармен және олармен аффилиирленген заңды тұлғалармен сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесін айқындайтын технологиялық меморандумдарды жасасады;
- 26) индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері ұсынатын тиісті мамандарға қажеттілік туралы мәліметтер негізінде экономиканың басым секторлары үшін мамандар даярлау, қажет етілетін мамандықтардың тізбесін айқындау бойынша ұсыныстар қалыптастырады;
- 27) технологияларды сатып алуға, өнеркәсіптік зерттеулер жүргізуге, бастапқы даму кезеңінде жоғары технологиялық өнім өндіру жөніндегі қызметті қолдауға, шет елдерде және (немесе) өңірлік патенттік ұйымдарда патенттеуге инновациялық гранттар беру қағидаларын әзірлейді;
- 28) технологияларды коммерцияландыруға арналған инновациялық гранттар беру қағидаларын әзірлейді;
- 29) шет елде инженерлік-техникалық персоналдың біліктілігін арттыруға, жоғары білікті шетелдік мамандарды тартуға, консалтингтік, жобалық және инжинирингтік ұйымдарды тартуға, басқарушылық және өндірістік технологияларды енгізуге инновациялық гранттар беру қағидаларын әзірлейді;
- 30) инновациялық гранттар берудің басым бағыттары шеңберінде технологиялық дамыту жөніндегі ұлттық даму институтын тарта отырып, инновациялық гранттар береді;
- 31) технологиялық даму саласындағы ұлттық даму институтымен жасалатын шарт негізінде инновациялық гранттар беруге қаражат бөледі;
- 32) ғылыми-технологиялық дамытудың салааралық жоспарын әзірлейді;
- 33) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға экономиканың басым секторларын айқындау бойынша ұсыныстар енгізеді;
- 34) Қазақстан Республикасының Үкіметіне индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігі туралы ақпаратты жыл сайын ұсынады;
- 35) жергілікті қамту бойынша сараптама жүргізу қағидаларын әзірлейді;
- 36) басым тауарлар мен қызметтердің бірыңғай картасын әзірлейді;
- 37) жоғары технологиялық өнім өндіру жөніндегі қызмет түрлерінің тізбесін әзірлейді;
- 38) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы үдемелі индустриялық-инновациялық даму бойынша үйлестіру кеңесі туралы ережені әзірлейді және Қазақстан Республикасының Үкіметіне оның құрамын қалыптастыру жөніндегі ұсыныстар енгізеді;
- 39) Технологиялық саясат жөніндегі кеңес туралы ережені әзірлейді және Қазақстан Республикасының Үкіметіне оның құрамын қалыптастыру жөніндегі ұсыныстар енгізеді;
- 40) дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың, олармен үлестес заңды тұлғалардың, ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың және олармен аффилиирленген заңды тұлғалардың технологиялар мен инновацияларды дамыту бөлігіндегі даму стратегиялары мен жоспарларын келіседі;
- 41) салалық конструкторлық бюролардың жұмыс істеуі қағидаларын әзірлейді;
- 42) отандық өңделген тауарларды, көрсетілетін қызметтерді сыртқы нарыққа жылжыту бойынша индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу қағидаларын әзірлейді;
- 43) сыртқы нарықтарға жылжыту бойынша шығындары ішінара өтелетін отандық өңделген тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін әзірлейді;
- 44) инновациялық гранттар беру кезінде технологиялық даму саласындағы ұлттық даму институтының қызметтеріне ақы төлеу тәртібін әзірлейді;
- 45) индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта жылжыту бойынша шығындарының бір бөлігін өтеу қағидаларын әзірлейді;
- 46) технологиялық бизнес-инкубациялау қызметтерін көрсету, сондай-ақ осындай қызметтер құнын айқындау қағидаларын әзірлейді;
- 47) технологиялық болжауды жүргізу әдістемесін әзірлейді және бекітеді;
- 48) жергілікті қамтуды дамыту саласындағы ұлттық даму институтын тарта отырып, индустриялық-инновациялық қызмет субъектілеріне сервистік қолдау көрсетеді және олардың отандық өңделген тауарларды, жұмыстар мен

көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта жылжыту бойынша шығындарының бір бөлігін өтейді;

49) экспортты дамыту және жылжыту саласындағы ұлттық даму институтын тарта отырып, индустриялық-инновациялық қызмет субъектілеріне сервистік қолдау көрсетеді және олардың отандық өңделген тауарларды, көрсетілетін қызметтерді сыртқы нарықтарға жылжыту бойынша шығындарының бір бөлігін өтейді;

50) өзге мемлекеттік органдардың құзыретіне жатқызылмаған жоғары технологиялы сервистік индустрияны дамыту с а я с а т ы н ә з і р л е й д і ;

51) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен бірлесіп, экспорттық бақылау жүйесі өнімінің н о м е н к л а т у р а с ы н (т і з і м і н) ә з і р л е й д і ;

52) жергілікті қамтуды дамыту саласындағы ұлттық даму институтымен жасалатын шарт негізінде индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің отандық өңделген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді ішкі нарыққа жылжыту бойынша шығындарын өтеуге қаражат бөледі;

53) Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің отандық өңделген тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта жылжыту бойынша шығындарының бір бөлігін өтеу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның оң ұсынымы негізінде индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің отандық өңделген тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта жылжыту бойынша шығындарының бір бөлігін өтеу туралы ш е ш і м қ а б ы л д а й д ы ;

54) Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның оң ұсынымы негізінде отандық өңделген тауарларды, көрсетілетін қызметтерді сыртқы нарықтарға жылжытатын индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу туралы шешім қ а б ы л д а й д ы ;

55) индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің отандық өңделген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді ішкі және сыртқы нарықта жылжыту бойынша шығындарының бір бөлігін өтеу жөніндегі ведомствоаралық комиссиялардың е р е ж е с і н ж әне қ ұ р а м д а р ы н б е к і т е д і ;

56) машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттерді әзірлейді және келіседі;

57) техникалық регламентті бекітуді қоспағанда, машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді, бекітеді және келіседі;

58) сәйкестік белгісінің кескінін, оған қойылатын техникалық талаптар мен таңбалау тәртібін әзірлейді;

59) жер учаскелері меншікке өтеусіз негізде ұсынылатын отандық өнеркәсіп кәсіпорындарының тізбесіне енгізу үшін отандық өнеркәсіп кәсіпорындарын іріктеу өлшемдерін әзірлейді;

60) жер учаскелері меншікке өтеусіз негізде ұсынылатын отандық өнеркәсіп кәсіпорындарының тізбесін әзірлейді;

61) Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді ұйымдардың және мемлекеттік органдардың сатып алуы кезінде жергілікті қамтудың үлесін ұлғайту бойынша шараларды әзірлеуді жүзеге асырады және мемлекеттік саясатты іске асырады;

62) жергілікті қамту мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіруді және әдіснамалық қ а м т а м а с ы з е т у д і жү з е г е а с ы р а д ы ;

63) бірлесіп бекітілген нысандар негізінде Қазақстан Республикасы Қаржы, Мұнай және газ министрліктері жер қойнауын пайдаланушылардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуында жергілікті қамту бойынша тұрақты негізде ұсынатын жалпы ақпаратты жинақтауды және талдауды қамтамасыз етеді;

64) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбе бойынша ұйымдардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуында жергілікті қамтудың мониторингін және тиісті ұйымдар ұсынатын жүргізілген, жүргізілетін және келесі жылға жоспарланатын тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу туралы ақпаратты т а л д а у д ы жү з е г е а с ы р а д ы ;

65) ұлттық басқарушы холдингтің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың, олардың еншілес және аффилиирленген компанияларының, мемлекет қатысатын өзге де заңды тұлғалардың сатып алуындағы жергілікті қ а м т у д ы н м о н и т о р и н г і н жү з е г е а с ы р а д ы ;

66) тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және оларды жеткізушілердің дерекқорын қалыптастыру ж әне жү р г і з у т ә р т і б і н ә з і р л е й д і ;

67) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылу мониторингін жүзеге асырады, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нысан бойынша және мерзімдерде орталық атқарушы органдар ұсынатын есептерге талдау жүргізеді;

68) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы аккредиттеу туралы куәліктің нысанын бекітеді;

69) Қазақстан Республикасының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы ұйғарым нысанын әзірлейді және бекітеді;

70) Мемлекеттік энергетикалық тізілімді қалыптастыруды және жүргізуді ұйымдастырады;

71) мемлекеттік энергетикалық тізілімнің энергетикалық ресурстарды, суды тұтынудың көлемін өнімнің, үйлердің, құрылыстар мен ғимараттардың алаңы бірлігіне, энергия аудиті қорытындылары бойынша айқындалған шамаға дейін жыл сайын азайтуды қамтамасыз етпеген субъектілерінің, оның ішінде энергия тұтынудың нормативтерін сақтамайтын мемлекеттік мекемелерді қамтитын тізбесін қалыптастырады және өзінің интернет ресурсында орналастырады;

72) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы аккредиттеу жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссияны құрады, оның құрамын және қызмет тәртібін бекітеді;

73) Қазақстан Республикасының Үкіметіне мемлекеттік энергетикалық тізілім операторын бекітуге ұсынады;

74) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды, сондай-ақ технологиялық әзірлемелерді жүргізуді ұйымдастырады және үй л е с т і р е д і ;

75) энергия аудитін және (немесе) энергия үнемдеу мен энергия тиімділігін арттыру сараптамасын жүзеге асыратын кадрларды қайта даярлау мен олардың біліктілігін арттыру, сондай-ақ энергия менеджменті жүйесін құру, енгізу және ұйымдастыру жөніндегі оқу орталықтарын құруды және олардың жұмысын ұйымдастырады;

76) энергия аудитін және (немесе) энергия үнемдеу мен энергия тиімділігін арттыру сараптамасын жүзеге асыратын кадрларды қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру, сондай-ақ энергия менеджменті жүйесін құру, енгізу және ұйымдастыру жөніндегі оқу орталықтарының тізбесін қалыптастырады;

77) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 08.11.2013 № 1190 қаулысымен;

78) электр энергетикасы саласындағы техникалық регламенттерді әзірлейді;

79) өз құзыреті шегінде электр және жылу энергиясын өндіру, беру және тұтыну, сондай-ақ электр қуатының әзірлігін ұстап тұру және электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызметтер көрсету саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін әзірлейді;

80) энергия өндіруші, энергия беруші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың технологиялық мұқтаждықтарына электр және жылу энергиясын жұмсау нормаларын регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді;

81) жабдықтарды жобалау, салу, олардың пайдаланылу және техникалық-экономикалық сипаттамалары саласындағы нормативтік техникалық құжаттарды әзірлейді және бекітеді;

82) инвестициялық бағдарламаны әзірлеуге арналған техникалық тапсырманы әзірлейді;

83) энергия өндіруші ұйымдармен келісімдер және инвестициялық шарттар жасасады;

84) келісімдерде көзделген инвестициялық міндеттемелерді және инвестициялық шарттарда көзделген инвестициялық бағдарламаларды энергия өндіруші ұйымдардың орындауына мониторинг жүргізеді;

85) энергия өндіруші ұйымдар тобын қалыптастырады;

86) жеке тариф есептік тарифтен жоғары болып бекітілетін жағдайда инвестициялық бағдарламаның құнын көтеруді к е л і с е д і ;

87) табиғи монополиялар саласындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен бірлесіп мыналарды бекітеді: тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін, тарифтік сметаларды бекіту кезінде ескерілетін инвестициялық бағдарламалар (жобалар);

электр және жылу энергетикасы саласындағы реттелетін қызметтермен (тауарлармен, жұмыстармен) технологиялық байланысты қызмет түрлерінің тізбесі;

88) электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығы нарығының операторын айқындайды;

89) салыстырмалы талдау әдісін қолдана отырып, тарифті есептеу әдістемесін келіседі;

90) энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдардың күзгі-қысқы жағдайларда жұмысқа әзірлігі паспортының нысанын, оны алу тәртібі мен мерзімін әзірлейді;

91) мемлекеттік техникалық инспектордың қызметтік куәлігінің, нөмірлік мөртабанның және пломбирдің үлгісін б е л г і л е й д і ;

92) мемлекеттік техникалық инспекторлар актілерінің нысандарын бекітеді;

93) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесімен электр байланысы жоқ өңірлер үшін электр энергиясының көтерме сауда нарығы жұмыс істеуінің және оны ұйымдастырудың ерекшеліктерін айқындайды;

94) мемлекеттік техникалық инспекторға қызметтік куәлік, нөмірлік мөртабан және пломбир беру тәртібін бекітеді;

95) қосарлас (шунттаушы) электр беру желілері мен қосалқы станцияларды жобалау мен салуды келіседі;

96) меншік нысандарына қарамастан, электр энергетикасы объектілерін және (немесе) оның жекелеген бөліктерін сатып алу-сату, жалға немесе сенімгерлік басқаруға беруді келіседі;

97) тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдалану қағидаларын әзірлейді;

98) тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларын әзірлейді;

- 99) электр станцияларының, жылу және электр желілерінің жабдықтарына, ғимараттары мен құрылыстарына техникалық қызмет көрсетуді және оларды жөндеуді ұйымдастыру қағидаларын әзірлейді;
- 100) электр станцияларының және жылу желілерінің жылу-механикалық жабдықтарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларын әзірлейді;
- 101) электр энергиясының теңгерімді нарығының жұмыс істеуі қағидаларын әзірлейді;
- 102) электр энергиясының бөлшек сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі, сондай-ақ осы нарықта қызметтерді ұсыну қағидаларын әзірлейді;
- 103) Қазақстанның біртұтас электр энергетикасы жүйесінде авариялық бұзушылықтарды болдырмау және оларды жою жөніндегі қағидаларды әзірлейді;
- 104) энергия өндіруші ұйымдар үшін күзгі-қысқы кезеңде пайдаланылатын отын қорының нормаларын айқындау қағидаларын әзірлейді;
- 105) энергия өндіруші ұйымдар үшін күзгі-қысқы кезеңде пайдаланылатын отын қорының нормаларын әзірлейді;
- 106) электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері үшін электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 107) энергетикалық сараптама жүргізу қағидаларын әзірлейді;
- 108) электр станциялары мен желілерін техникалық пайдалану қағидаларын әзірлейді;
- 109) электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларын әзірлейді;
- 110) энергетикалық сараптама жүргізуге ұйымдарды және электр зертханаларын аккредиттеу әдістемесін, тәртібі мен мерзімдерін айқындайды;
- 111) энергетика ұйымдарының басшылары мен мамандарын аттестаттаудан өткізу әдістемесін, тәртібі мен мерзімдерін айқындайды;
- 112) электр қондырғыларын орнату қағидаларын әзірлейді;
- 113) электрмен жабдықтаудың авариялық және технологиялық брони актісін жасау жөніндегі нұсқаулықтарды әзірлейді;
- 114) электр энергиясын пайдалану қағидаларын әзірлейді;
- 115) жылу энергиясын пайдалану қағидаларын әзірлейді;
- 116) жүйелік оператордың қызмет көрсету, жүйелік және қосалқы қызметтер көрсету нарығын ұйымдастыру және олардың жұмыс істеуі қағидаларын бекітеді;
- 117) электр энергиясының көтерме сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі қағидаларын әзірлейді;
- 118) электрмен жабдықтаудың сенімділігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсету қағидаларын әзірлейді;
- 119) электр желілік қағидаларын әзірлейді;
- 120) энергетикалық кәсіпорындар үшін өрт қауіпсіздігі қағидаларын әзірлейді;
- 121) тозақ тәріздес отынды дайындау және жағу үшін отын берудің жарылыс қауіпсіздігі қағидаларын әзірлейді;
- 122) аспаптармен және құрылғылармен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік қағидаларын әзірлейді;
- 123) біртұтас электр энергетикасы жүйесінің, электр станцияларының, аудандық қазандықтардың, электр және жылу желілерінің жұмысындағы технологиялық бұзушылықтарға тексеру жүргізу және оларды есепке алу қағидаларын әзірлейді;
- 124) техникалық жарактандырудан кейін электр станцияларының, электр және жылу желілерінің энергия объектілерін пайдалануға қабылдап алу қағидаларын әзірлейді;
- 125) энергетикадағы жұмыс орындарын аттестаттау, оңтайландыру, есепке алу және жоспарлау туралы ережені әзірлейді;
- 126) жылу энергиясын жіберуді және жылу жеткізгішін есепке алу қағидаларын әзірлейді;
- 127) жылу электр станцияларының электр қуатын шектеуді және оларды қысқарту жөніндегі іс-шараларды келісу тәртібі туралы ережені әзірлейді;
- 128) Қазақстан Республикасының энергетикалық ұйымдарында персоналмен жұмыс істеу қағидаларын әзірлейді;
- 129) электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын ұйымдастыру қағидаларын әзірлейді;
- 130) электр және энергия қондырғыларының техникалық жай-күйі мен қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асыру үшін электр және жылу энергиясын өндіруді, беру мен бөлуді және оларды энергиямен жабдықтау мақсатында сатып алуды жүзеге асыратын ұйымдар басшыларының, мамандарының техникалық пайдалану қағидаларын және қауіпсіздік қағидаларын білуіне біліктілік тексеру жүргізу қағидаларын әзірлейді;
- 131) сарапшы ұйымдарды және дайындаушы зауыттарды тарта отырып, электр станцияларының, электр және жылу желілерінің энергетикалық жабдықтарының, ғимараттары мен құрылыстарының, сондай-ақ тұтынушылардың энергетикалық жабдықтарының техникалық жай-күйіне мерзімді тексеру жүргізу қағидаларын әзірлейді;

- 132) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жариялауға қойылатын талаптарды сақтай отырып, энергия өндіруші ұйымдардан инвестициялық міндеттемелердің орындалуы туралы ақпарат сұратады және алады;
- 133) электр қуатын орналастырудың перспективалық схемасын әзірлейді және бекітеді;
- 134) жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға тендер өткізеді;
- 135) жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға арналған тендердің қорытындылары бойынша осы тендердің жеңімпазымен шарт жасасады;
- 136) жүйелік операторға тендер негізінде жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылардың электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарт жасасу үшін жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға арналған тендердің жеңімпазын, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу бағасын, көлемін және мерзімдерін айқындайды;
- 137) электр энергиясының және қуатының болжамды теңгерімдерін бекітеді;
- 138) электрмен жабдықтаудың үлгілік шартын әзірлейді;
- 139) жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылардың құрылысына арналған үлгілік шартты әзірлейді;
- 140) жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылардың электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы үлгілік шартты әзірлейді;
- 141) жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға тендер өткізу қағидаларын әзірлейді;
- 142) электр қуатының нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі қағидаларын әзірлейді;
- 143) Қазақстан Республикасының Үкіметіне жүйелік операторды айқындау туралы ұсыныс енгізеді;
- 144) жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерін аккредиттеуді жүзеге асырады;
- 145) «Жеке кәсіпкерлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кәсіпкерлік мәселелері бойынша сарапшы кеңесті құрады;
- 146) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының, тәуекел деңгейін бағалау өлшемдерінің, жартыжылдық тексеру жоспарларының нысандарын әзірлейді және бекітеді;
- 147) Қазақстан Республикасының резиденті - заңды тұлғалармен Моторлы көлік құралдарын өнеркәсіптік құрастыру туралы келісім жасасудың тәртібін, шартын және үлгілік нысанын айқындайды;
- 148) Қазақстан Республикасының резиденті - заңды тұлғалармен бекітілген нысан бойынша моторлы көлік құралдарын өнеркәсіптік құрастыру туралы келісімдер жасасады;
- 149) Қазақстан Республикасындағы тыңайтқыш өндірушілердің тізбесін облыстың (Астана қаласының) жергілікті атқарушы органының сұрауы бойынша береді;
- 150) арнайы экономикалық аймақтың қатысушы ретінде тіркеуге арналған өтінім мен сауалнаманың нысандарын бекітеді;
- 151) арнайы экономикалық аймақтың қатысушы ретінде қызметтерді жүзеге асыру туралы үлгілік шарттар әзірлейді;
- 152) құрылатын арнайы экономикалық аймақтың техникалық-экономикалық негіздемесіне қойылатын талаптарды бекітеді;
- 153) арнайы экономикалық аймақтың басқару органының есептілікті беру тәртібін және мерзімділігін айқындайды;
- 154) Қазақстан Республикасының Үкіметіне арнайы экономикалық аймақты құру немесе тарату туралы ұсыныстар енгізеді;
- 155) жыл сайынғы негізде Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне арнайы экономикалық аймақтар қызметінің нәтижелері туралы талдау ақпаратын береді;
- 156) инвестициялық артықшылықтарды ұсынуға арналған өтінімге қоса берілетін инвестициялық жобаның бизнес-жоспарының немесе инвестициялық стратегиялық жобаның жасалуына қойылатын талаптарды белгілейді;
- 157) инвестициялық артықшылықтарды ұсынуға арналған өтінімдерді қабылдау, тіркеу және қарау тәртібін айқындайды;
- 158) нормативтік техникалық құжаттардың ресми басылымдарын тарату және пайдаланушыларды олармен қамтамасыз ету тәртібін айқындайды;
- 159) халықаралық, өңірлік стандарттарды және шет мемлекеттердің стандарттарын, ұйымдардың стандарттарын, техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерін, шет мемлекеттердің стандарттау, сәйкестікті растау мен аккредиттеу жөніндегі қағидаларын, нормаларын және ұсынымдарын, оларды ұйым стандарттарында қолдануды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында есепке алу және қолдану тәртібін айқындайды;
- 160) мемлекеттік стандарттау жоспарларын әзірлеу тәртібін белгілейді;
- 161) сәйкестік сертификатының, сәйкестік туралы декларацияның, өтініш-декларацияның, тауардың шыққан елін

айқындау жөніндегі сертификаттың нысандарын белгілейді және оларды дайындауды ұйымдастырады;

162) өтініш-декларацияларды тіркеу тәртібін белгілейді;

163) тауардың шыққан елін растайтын құжаттардың тізбесін бекітеді;

164) сәйкестікті растау, тауардың шыққан елін аккредиттеу, айқындау, Кедендік одақ тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларды даярлау, қайта даярлау, біліктілігін арттыру қайта тәртібін айқындайды, сондай-ақ оларға қойылатын біліктілік талаптарын белгілейді;

164-1) аккредиттеу жөніндегі органды таңдау бойынша конкурс өткізу қағидаларын және сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу жөніндегі органға қойылатын біліктілік талаптарын әзірлейді;

164-2) сәйкестікті бағалау саласында аккредиттеуге арналған өтінімнің, мәлімделетін аккредиттеу саласының, сынақ, салыстырып тексеру, калибрлеу зертханаларына (орталықтарына), өлшемдерді орындау әдістемелерін метрологиялық аттестаттауды жүзеге асыратын заңды тұлғаларға арналған паспорттардың, сәйкестікті бағалау бойынша жұмыстарды орындайтын персонал туралы мәліметтердің нысандарын бекітеді;

164-3) сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу алдындағы және аккредиттеуден кейінгі үлгілік шарттарды б е к і т е д і ;

164-4) өлшем бірлігін қамтамасыз ету жөніндегі нормативтік құжаттарды әзірлеу тәртібін айқындайды және бекітеді;

165) өнімнің каталогтық парағының нысанын белгілейді;

166) әскери және қос тағайындалуы бар тауарлар (өнімдер), жұмыстар, қызметтердің әскери стандарттарды қоспағанда, ұлттық стандарттарды, алдын ала ұлттық стандарттарды және техникалық-экономикалық ақпараттарды сыныптаушыларды, әзірлеу, келісу, есепке алу, бекіту, сараптау, өзгерту, күшін жою және қолданысқа енгізу тәртібін а й қ ы н д а й д ы ;

167) әзірлеушінің авторлық құқықтарын әзірлеу, бәтуаластықты қамтамасыз ету, бекіту, есепке алу, тіркеу, белгілеу, өзгерту, күшін жою, өзектілендіру, сақтау, басып шығару, тарату, сақтау және үкіметтік емес стандарттардың қолданысқа е н у і т ә р т і б і н а й қ ы н д а й д ы ;

168) пайдалы қазбаларды барлау мен игеру жөніндегі орталық комиссия туралы ережені және оның құрамын бекітеді;

169) кең таралғандарын қоспағанда, қатты пайдалы қазбаларды, жер асты суларын және емдік балшықты барлауды, өндіруді, бірлескен барлау мен өндіруді жүргізуге жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурсты дайындауды және ұйымдастыруды жүзеге асырады;

170) кең таралғандарын қоспағанда, қатты пайдалы қазбаларды, жер асты суларын және емдік балшықты барлауға, өндіруге және бірлескен барлау мен өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын береді;

171) кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге арналған келісімшартты қоспағанда, жер қойнауын пайдаланушылармен қатты пайдалы қазбаларды, жер асты суларын және емдік балшықты барлауға, өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарттың талаптары туралы келіссөздер жүргізеді;

172) кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге арналған келісімшарттық құжаттар жобаларын қоспағанда, қатты пайдалы қазбаларды, жер асты суларын және емдік балшықты барлауға, өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарттық құжаттардың жобаларына сараптама жүргізуді ұйымдастырады;

173) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген қағидаларға сәйкес, салықтардың бюджетке толық төленуін қоса алғанда, Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында минералдық шикізатты бастапқы өңдеуге (байытуға) жататын жұмыстар тізбесін айқындау бөлігінде жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың жобаларына сараптама жүргізуді ұйымдастырады;

174) кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге арналған, жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу және барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған келісімшарттарды қоспағанда, қатты пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарттарды жасайды, мемлекеттік тіркеуді және сақтауды жүзеге асырады;

175) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өкілеттіктерге сәйкес кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге, жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеуге және барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған келісімшарттарды қоспағанда, қатты пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарттарда Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіреді және олардың сақталуын қамтамасыз етеді;

176) Мемлекеттің басым құқығын жүзеге асыру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның қарауына қатты пайдалы қазбалар бөлігінде иеліктен шығарылатын жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығына байланысты объектілерді сатып алу (сатып алудан бас тарту) туралы ұсыныс әзірлеуге қажетті материалдарды енгізеді;

177) Мемлекеттің басым құқығын жүзеге асыру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның ұсынымдары негізінде қатты пайдалы қазбалар бөлігінде иеліктен шығарылатын жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін)

және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектіні сатып алу (сатып алудан бас тарту) туралы ш е ш і м д е р қ а б ы л д а й д ы ;

178) жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі сарапшы комиссияның ұсыныстары негізінде жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді иеліктен шығаруға, жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғадағы қатысу үлесін (акциялар пакетін) кепілге беруге рұқсат беру (рұқсат беруден бас тарту), сондай-ақ кең таралған пайдалы қазбаларға қатысты жер қойнауын пайдалану құқығын қоспағанда, «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36 және 37-баптарына сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге беру жөніндегі мәмілелерді тіркейді;

179) жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғаның немесе жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғаның қатысушысы (акционері) болып табылатын заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуы жағдайында беру актісі не бөлу балансы негізінде қатты пайдалы қазбаларды, жерасты сулары мен емдік балшықтар бөлігіндегі жер қойнауын пайдалану құқығының (оның бір бөлігінің) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің құқық мирасқорлығы тәртібімен ауысуына «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабында белгіленген тәртіппен рұқсатты береді;

180) кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда, қатты пайдалы қазбаларды, жерасты сулары мен емдік балшықтар бөлігіндегі жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді өткізу (сату) жөніндегі сауда-саттыққа қатысуға рұқсат береді;

181) сауда-саттық өткізілмеді деп жарияланған жағдайда кепілге салынған мүлікті өз меншігіне айналдыруға (кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда, қатты пайдалы қазбаларды, жерасты сулары мен емдік балшықтар бөлігіндегі жер қойнауын пайдалану құқығының (оның бір бөлігінің) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің иегері болуға) рұқсат береді;

182) кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге арналған келісімшарттарды қоспағанда, қатты пайдалы қазбаларды, жер асты суларын және емдік балшықты барлауға, өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарттардың орындалуын және қолданысының тоқтатылуын қамтамасыз етеді;

183) кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге арналған келісімшарттарды қоспағанда, барлауға, өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарттар бойынша келісімшарт талаптарының орындалу барысы туралы жыл сайынғы есепті Қазақстан Республикасының Президентіне және Үкіметіне ұсынады;

184) құрамында кең таралған пайдалы қазбалар және көмірсутек шикізаты бар жер қойнауы учаскелерін қоспағанда, конкурсқа шығаруға жататын жер қойнауы учаскелері тізбелерінің жобаларын әзірлейді;

185) құрамында көмірсутек шикізаты бар жер қойнауы учаскелерін қоспағанда, ұлттық компанияның үлестік қатысуы конкурстың шарты болып табылатын жер қойнауы учаскелерінің тізбелерін қалыптастырады;

186) кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге арналған келісімшарттарды қоспағанда, қатты пайдалы қазбаларды, жер асты суларын және емдік балшықты барлауға, өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарттардың қолданылуын жаңарту туралы шешім қабылдайды;

187) кең таралғандарды қоспағанда, қатты пайдалы қазбалар, жер асты сулары және емдік балшықтар бөлігінде келісімшартты орындау мүмкіндігін қамтамасыз ететін басқа мемлекеттердің тиісті органдарымен Қазақстан Республикасы Президентінің немесе Үкіметінің тапсырмасы бойынша келіссөздер жүргізеді және келісімдер жасайды;

188) жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі сарапшы комиссия туралы ережені бекітеді;

189) Қазақстан Республикасының аумағында өңделуін конкурсқа қатысушы қамтамасыз етуге міндеттенетін минералдық шикізаттың ең аз мөлшерін айқындайды;

190) модельдік келісімшарттардың жобаларын әзірлейді;

191) кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге, жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеуге және барлауға немесе өндіруге байланысты емес жерасты ғимараттарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған келісімшарттарды қоспағанда, қатты пайдалы қазбалар, жерасты сулары және емдік балшықтар бөлігінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудағы жергілікті қамту және кадрлардағы жергілікті қамту бойынша міндеттемелерді қоса алғанда, жер қойнауын пайдаланушылардың келісімшарттар талаптарын орындалуына м о н и т о р и н г т і ж ү з е г е а с ы р а д ы ;

192) келісімшарттар талаптарын орындаудың сақталуына мониторинг пен бақылауды жүзеге асыру тәртібін әзірлейді;

193) жер қойнауын пайдаланушылар және (немесе) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыруға жер қойнауын пайдаланушылар уәкілеттік берген тұлғалар ұсынатын, жүргізілген, жүргізілетін және есепті кезеңнен кейінгі жылда жоспарланып отырған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы ақпаратты жинақтауды және талдауды ж ү з е г е а с ы р а д ы ;

194) жер қойнауын пайдаланушылар және (немесе) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды жүзеге асыруға жер қойнауын пайдаланушылар уәкілеттік берген тұлғалар ұсынатын, орта мерзімді және ұзақ мерзімді кезеңдерге жоспарланып отырған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы ақпаратты жинақтауды және талдауды жүзеге асырады;

195) сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен ақпарат сұратуды жүзеге асырады;

196) пайдалы қазбаларды барлау мен өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын беру бойынша тікелей келіссөздер жүргізу жөніндегі жұмыс тобы туралы ережені және оның құрамын бекітеді;

197) кадрлардағы жергілікті қамтуды есептеу әдістемесін келіседі;

198) жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурс шарттарына қосу үшін кадрлардағы ең төменгі жергілікті қамтуды ұсыну тәртібін келіседі;

199) қазақстандық мамандарды оқыту бойынша қажеттіліктің ең аз деңгейін есептеу әдістемесін келіседі;

200) жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурс шарттарына қосу үшін оқытылуы тиіс персоналдың жалпы санынан қазақстандық кадрлардың ең аз санын пайызда ұсыну тәртібін келіседі;

201) бағалау жұмыстары сатысына көшуге рұқсат береді;

202) кең таралған пайдалы қазбалар және көмірсутегі шикізаты бойынша келісімшарттарды қоспағанда, ұлттық компания мен құзыретті орган арасындағы тікелей келіссөздердің қорытындылары бойынша жасалған келісімшарттар бойынша немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес жобаларды бірлесіп іске асыру үшін ұлттық компания айқындаған стратегиялық әріптесті келіседі;

203) барлауға арналған келісімшарт негізінде коммерциялық табумен байланысты өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану құқығын алуға айрықша құқығы бар тұлғамен бірлесіп өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу үшін берілетін жер қойнауы учаскелерін қоспағанда, тікелей келіссөздер негізінде кең таралғандардан және көмірсутегі шикізатынан басқа пайдалы қазбаларды барлау, өндіру, бірлескен барлау мен өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу үшін берілетін жер қойнауы учаскелерін айқындайды;

204) кең таралған пайдалы қазбалар және көмірсутегі шикізаты бойынша келісімшарттарды қоспағанда, конкурстың жеңімпазы не онымен келісімшарт тікелей келіссөздер негізінде жасалатын тұлға әзірлеген, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың жобасын келіседі;

205) «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда барлауды, өндіруді жүргізу үшін берілген сервитуттарды тіркеуді жүзеге асырады;

206) кең таралғандарды қоспағанда, қатты пайдалы қазбалар, жер асты сулары және емдік балшықтар бөлігінде тарату қорының қаражатын пайдалануға рұқсат береді;

207) кең таралған пайдалы қазбаларды барлау мен өндіру жөніндегі өңіраралық комиссиялар туралы ережені бекітеді;

208) мұнай операцияларын жүргізу саласын қоспағанда, жер қойнауын зерттеу мен пайдалану саласындағы, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану саласындағы техникалық регламенттерді әзірлейді және нормативтік-техникалық құжаттарды бекітеді;

209) Қазақстан Республикасының пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссия және пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі өңіраралық комиссиялар туралы ережені әзірлейді;

210) Қазақстан Республикасының пайдалы қазбалар кен орындарын алғашқы ашушылар туралы ережені әзірлейді;

211) пайдалы қазбаларды барлау мен өндіру кезінде жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану жөніндегі бірыңғай қағидаларды әзірлейді;

212) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібін әзірлейді;

213) мемлекет меншігінде болатын геологиялық ақпаратты оқу, ғылыми, коммерциялық мақсаттарда пайдалану және геологиялық ақпаратты Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерге әкету қағидаларын әзірлейді;

214) жер қойнауына мемлекеттік мониторингті жүзеге асыру тәртібін әзірлейді;

215) тарихи шығындарды және геологиялық ақпарат құнын айқындау тәртібін әзірлейді;

216) жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуге арналған келісімшартты (шартты) жасасу тәртібін әзірлейді;

217) жер қойнауын пайдалану объектілерін жою және консервациялау қағидаларын әзірлейді;

218) жер қойнауының жай-күйі туралы геологиялық есептілікті ұсыну нысандарын әзірлейді;

219) техногендік минералдық түзілімдердің мемлекеттік кадастрын жүргізу тәртібін әзірлейді;

220) «Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізілімі» деген мемлекеттік ақпараттық жүйе арқылы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларын әзірлейді;

221) тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде ұйымдардың жергілікті қамтуды

есептеуінің бірыңғай әдістемесін әзірлейді;
222) электрондық сатып алу жүйелері жұмыстарының жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізілімі жұмысымен үйлестіру тәртібін әзірлейді;
223) тәулігіне екі мың және одан да астам текше метр көлемдегі өндірістік-техникалық жерасты суларын пайдалы қазбаны өндірудің технологиялық схемасына сәйкес қабаттарға айдау үшін оларды барлау мен өндіруге не тау-кен қазбаларын пайдалану кезінде су деңгейін төмендету мақсатында жерасты суларын өндіруге арналған рұқсатты беру тәртібін әзірлейді;
224) облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының облыс, республикалық маңызы бар қала, астана аумағында өндірілетін тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізбесін қалыптастыру жөніндегі қызметіне әдістемелік басшылықты жүзеге асырады;
225) мұнай және газ саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша Қазақстан Республикасында дамытылатын басым жоғары технологиялық өндірістер тізбесін бекітеді;
226) жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурс шарттарына қосылатын жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарлардағы, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі ең төменгі жергілікті қамтуды есептеу тәртібін әзірлейді;
227) мұнай және газ саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық, орта мерзімді, ұзақ мерзімді бағдарламаларын, жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер туралы және кадрлардағы жергілікті қамту бойынша міндеттемелерін орындау туралы есептерін жасау және ұсыну нысандары мен тәртібін әзірлейді;
228) мұнай және газ саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын, келісімшартты орындау кезінде тартылған қызметкерлерді оқытуға, олардың біліктілігін арттыруға және қайта даярлауға немесе құзыретті органмен келісілген мамандықтар тізбесі бойынша Қазақстан Республикасының азаматтарын оқытуға бағытталатын шығыстар мөлшері жөніндегі міндеттемелерді орындау бойынша жер қойнауын пайдаланушылардың есептерін жасаудың және ұсындың нысандары мен тәртібін әзірлейді;
229) инвестициялық жобаларды инвестициялық стратегиялық жобалар тізбесіне енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын әзірлейді және Қазақстан Республикасының Үкіметіне заңнамада белгіленген тәртіппен енгізеді;
230) республикалық индустрияландыру картасын әзірлейді;
231) жобаларды республикалық және өңірлік индустрияландыру карталарына енгізу тәртібін әзірлейді;
232) тоқсан сайынғы негізде Қазақстан Республикасының Үкіметіне республикалық және өңірлік индустрияландыру карталарына енгізілген жобалардың іске асырылу барысының мониторингі бойынша ақпарат ұсынады;
233) жер қойнауын пайдалану операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілер бойынша тізілімін қалыптастырады және жүргізеді, сондай-ақ осы тізілімге енгізу үшін оларды бағалау өлшемдерін әзірлейді;
234) жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу және оған мониторинг жүргізу жөніндегі жұмыстарды жүргізумен байланысты объектілердің жобалық-сметалық құжаттамасына экономикалық сараптама жүргізу, мұнай-газ және гидрогеологиялық ұнғымаларды консервациялау, жою тәртібін бекітеді;
235) еңбек жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу және оған мониторинг жүргізу саласындағы жұмыстарды жүргізуге арналған уақыт және бағалау нормаларын бекітеді;
236) кен орындары қорларын жіктеу тәртібін айқындайды;
237) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 08.11.2013 № 1190 қаулысымен;
238) өз құзыреті шегінде туристік қызмет саласындағы халықаралық шарттарды әзірлейді, жасасады және орындайды, сондай-ақ халықаралық ұйымдарда және халықаралық іс-шараларда мемлекеттің туризм саласындағы мүдделерін білдіреді және олардың жұмысына қатысады;
239) туристерді орналастыру орындарын жіктеу қағидаларын бекітеді;
240) туристік қызмет саласындағы мамандарды қайта даярлау және біліктілігін арттыру қағидаларын бекітеді;
241) туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың мемлекеттік тізілімін және туристік бағыттар мен соқпақтардың мемлекеттік тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларын бекітеді;
242) Туризм жөніндегі кеңестің дербес құрамын және ол туралы ережені әзірлейді және бекітуге ұсынады;
243) мүдделі министрліктермен және басқа да атқарушы органдармен бірлесіп туристерді қорғау мен олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ұйымдастырады;
244) акционерлік қоғамдарға (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге) қатысты мемлекеттік акциялар пакеттері (қатысу үлесі) иеленуге және пайдалануға берілген, сондай-ақ республикалық мемлекеттік кәсіпорындарға және

мемлекеттік мекемелерге қатысты тиісті саланың уәкілетті органының функцияларын заңнамалық белгіленген тәртіпте жүзеге асырады;

245) акционерлік қоғамдардың акцияларының пакеттерін заңда белгіленген тәртіпте сенімгерлікпен басқаруды жүзеге асырады;

246) өз құзыреті шегінде мемлекеттік құпияларды қорғау, азаматтық қорғаныс, жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру саласындағы Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің сақталуын қамтамасыз етеді;

247) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жоспарлау және өткізу бойынша ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметіне басшылық етуді жүзеге асырады;

248) ұлттық қауіпсіздік жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді;

249) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы заңдар мен өзге де нормативтік-құқықтық актілердің сақталуын қамтамасыз етеді;

250) мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы заңнаманы сақтай отырып, ұлттық қауіпсіздіктің жай-күйі мен оны қамтамасыз ету бойынша қолданылатын шаралар туралы халықты хабардар етеді, насихат және қарсы насихат жұмыстарын жүргізеді;

251) іс-әрекеттері (немесе әрекетсіздігі) Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерінің бұзылуына, ұлттық қауіпсіздігіне қауіп төнуіне әкеп соғатын лауазымды адамдарды, мемлекеттік қызметшілерді тиісті жауаптылыққа тарттады;

252) Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің қызметінің бағыттары бойынша оның жұмысының сапасы мен өнімділігін арттыру мақсатында ішкі бақылауды жүзеге асырады;

253) реттелетін салаларда кадрларға қажеттілікті айқындайды;

254) қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және жылжыту кезінде гендерлік теңгерімнің сақталуын қамтамасыз етеді;

255) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 16-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 08.11.2013 № 1190; 11.04.2014 N 345 қаулыларымен.

17. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі ведомстволарының функциялары:

1) өз құзыреті шегінде мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз етеді;

2) өз құзыреті шегінде халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

3) акционерлік қоғамдарға (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге) қатысты мемлекеттік акциялар пакеттері (қатысу үлесі) иеленуге және пайдалануға берілген, сондай-ақ республикалық мемлекеттік кәсіпорындарға және мемлекеттік мекемелерге қатысты тиісті саланың уәкілетті органының функцияларын заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырады;

4) өз құзыреті шегінде мемлекеттік құпияларды қорғау, азаматтық қорғаныс, жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру саласындағы Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің сақталуын қамтамасыз етеді;

5) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жоспарлау және өткізу бойынша ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметіне басшылық етуді жүзеге асырады;

6) ұлттық қауіпсіздік саласындағы заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің сақталуын қамтамасыз етеді;

7) республикалық заңды тұлғалар мүлкінің сақталуын және республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларының орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

8) тиісті саладағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің даму жоспарларының орындалуын бақылау мен талдауды жүзеге асырады;

9) кепілдік міндеттемелерді (түпкілікті пайдаланушының сертификаттарын) береді;

10) өнімдер транзитіне рұқсаттар береді;

11) өтінім берушіге және мүдделі мемлекеттік органдарға тауарларды, технологияларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді, ақпараттарды экспорттық бақылауға жататын өнімдерге жатқызу туралы қорытындылар береді;

12) өнімдерді Қазақстан Республикасының аумағынан тыс қайта өңдеуге рұқсаттар береді;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тауарларды кеден аумағында/аумағынан тыс қайта өңдеу және ішкі тұтыну үшін қайта өңдеу шарттары туралы құжатты береді;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тауарларды қайта өңдеу шарттары туралы қорытынды береді;

15) Қазақстан Республикасының аумағына Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан импортталатын тауарларды өнеркәсіптік қайта өңдеуге арналған тауарларға жатқызуды растау туралы қорытынды береді;

16) кепілдік міндеттемеге (түпкілікті пайдаланушының сертификатына) сүйене отырып, Қазақстан Республикасынан шығарылатын өнімнің кері экспортына рұқсаттар береді;

- 17) сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға (өтінім берушілерге) «Экспорттық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабында көрсетілген тізбелердің қолданысына түспейтін өнімдермен, зияткерлік қызмет нәтижелерімен сыртқы экономикалық мәмілелерді жүзеге асыруға белгіленген тәртіппен лицензия береді;
- 18) белгіленген құзырет шегінде Қазақстан Республикасының аумағынан тыс өнімдердің экспортын, кері экспортын, импортын, кері импортын, транзитін және қайта өңделуін бақылауды жүзеге асырады;
- 19) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен бірлесіп, экспорттық бақылау жүйесінің экспорттық бақылауға жататын өнімдерін тиеу алдындағы кезеңде және түпкілікті пайдалануда қажет болғанда тексерулерді жүзеге асырады ;
- 20) «Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының және машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттер талаптарына сәйкес келмейтін машиналар мен жабдықтарды айқындау мақсатында тұтыну нарығы мониторингін және оларды сатуға жол бермеу жөніндегі шараларды әзірлеуді жүзеге асырады ;
- 21) өз құзыреті шегінде «Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттерде белгіленген талаптардың сақталуына мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;
- 22) «Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейтін машиналар мен жабдықтарды өндіруді, сатуды және нарықтағы айналымын тоқтата тұру туралы ұйғарымдар береді ;
- 23) химиялық өнімнің қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттердің жобаларын әзірлеу және химиялық өнімді техникалық реттеу саласында ұсыныстар дайындау үшін сарапшылық кеңестерді құрады;
- 24) «Химиялық өнімдердің қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының және химиялық өнімнің қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттер талаптарына сәйкес келмейтін химиялық өнімді айқындау мақсатында тұтыну нарығы мониторингін жүргізеді және оларды сатуға жол бермеу жөніндегі шараларды әзірлейді;
- 25) химиялық өнімнің қауіпсіздігі саласындағы техникалық құжаттаманы келіседі;
- 26) Қазақстан Республикасының аумағында химиялық өнімдерді тіркейді және оның есебін жүргізеді;
- 27) өз құзыреті шегінде «Химиялық өнімдердің қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және химиялық өнімдердің қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттерде белгіленген талаптардың сақталуына мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады ;
- 28) химиялық өнімдердің өтініш берушінің (өндірушінің, жеткізушінің, импорттаушының) ұсынған ақпаратының негізінде адамның денсаулығы мен өміріне, қоршаған орта үшін қатерін бағалауды тексереді;
- 29) «Химиялық өнімдердің қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және техникалық регламенттерде белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейтін химиялық өнімдердің өміршеңдігінің бір немесе бірнеше процестерін тоқтата тұру туралы ұйғарымдар береді ;
- 30) офсеттік саясатты іске асыруға әдістемелік басшылық пен бақылауды жүзеге асырады;
- 31) құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын және олардан жасалған бұйымдарды қоспағанда, бағалы металдармен операцияларды жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлердің арнайы есебін жүргізеді;
- 32) қайта өңдеу үшін Кеден одағына әкелу және оларды Кеден одағынан әкету кезінде құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын және олардан жасалған бұйымдарды қоспағанда, бағалы металдарды қайта өңдеу өнімдерінің шығу нормаларын растауды жүзеге асырады ;
- 33) Қазақстан Республикасының аумағында құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын қайта өңдеудің экономикалық орынсыздығы немесе мүмкін еместігі туралы қорытындыны береді;
- 34) Кеден одағына кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына экспорты лицензияның негізінде (лицензиясыз) жүзеге асырылатын бағалы металдарды (олардан жасалған бұйымдарды қоспағанда), бағалы металл қалдықтарын және сынықтарын әкелу кезінде мемлекеттік бақылау актісін береді;
- 35) Кеден одағына кірмейтін елдерге Қазақстан Республикасының аумағынан экспорты лицензияның негізінде (лицензиясыз) жүзеге асырылатын бағалы металдарды (олардан жасалған бұйымдарды қоспағанда), бағалы металл қалдықтарын және сынықтарын әкету кезінде мемлекеттік бақылау және құнын бағалау актісін береді;
- 36) Қазақстан Республикасында шикізат тауарларынан бағалы металдарды өнеркәсіптік алудың экономикалық орындылығы (орынсыздығы) және мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы қорытынды береді;
- 37) өнеркәсіп саласындағы қызмет түрлерін, сондай-ақ экспорттық бақылауға жататын өнімнің экспорты мен импортын лицензиялауды жүзеге асырады ;
- 38) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласында: Мемлекеттік энергетикалық тізілімге ұсынылатын ақпараттың дұрыстығына; «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 3-

тармағында көрсетілген объектілерден басқа, үйлерде, құрылыстар мен ғимараттарда энергия тиімділігі жөніндегі талаптардың орындалуына;

дара кәсіпкерлердің және заңды тұлғалардың энергия тұтыну нормативтері мен электр желілеріндегі қуат коэффициентінің нормативтік мәндерін сақтауына;

энергия аудитінің және энергия үнемдеу мен энергия тиімділігін арттыру сараптамасының жүргізілуіне, энергия аудитін және (немесе) энергия үнемдеу мен энергия тиімділігін арттыру сараптамасын жүзеге асыратын кадрларды қайта даярлау мен олардың біліктілігін арттыру, сондай-ақ энергия менеджменті жүйесін құру, енгізу және ұйымдастыру жөніндегі оқу орталықтарына қойылатын талаптардың сақталуына;

«Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және энергия үнемдеу мен энергия тиімділігін арттыру саласындағы басқа да нормативтік құқықтық актілерде белгіленген өзге де талаптардың сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

39) энергия өндіруші ұйымдардың заңнамада белгіленген тәртіппен уәкілетті органмен келісім жасасуға, онда көзделген инвестициялық міндеттемелерді орындауға және олардың орындалуы туралы есепті жыл сайын уәкілетті органға ұсыну бойынша талаптарды сақтауына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

40) энергия өндіруші ұйымдардың өткен күнтізбелік жыл үшін электр энергиясын өндіру мен өткізу шығындары бойынша, электр энергиясын өндіру мен өткізу көлемі бойынша есептерді жыл сайын уәкілетті органға беру бойынша талаптарды сақтауына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

41) энергия өндіруші ұйымдардың келісімде келесі жылға көзделген инвестициялардың көлемі мен бағыттары туралы мәліметтерді жыл сайын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау бойынша талаптарды сақтауын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

42) энергия өндіруші ұйымдардың келісімде өткен жыл үшін көзделген инвестициялық міндеттемелердің орындалуы туралы мәліметтерді жыл сайын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау бойынша талаптарды сақтауына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

43) энергия өндіруші ұйымдардың жария тыңдауларды өткізу туралы хабарландыруды жария тыңдауларды өткізгенге дейін кемінде күнтізбелік бес күн бұрын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялай отырып, келісімдерді орындау нәтижелері бойынша жария тыңдауларды мемлекеттік органдардың, тұтынушылардың және олардың қоғамдық бірлестіктерінің, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін, сондай-ақ тәуелсіз сарапшыларды шақыра отырып, жыл сайын өткізу бойынша талаптарды сақтауына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

44) энергия өндіруші ұйымдардың инвестициялық міндеттемелердің орындалуы туралы ақпарат беру бойынша талаптарды сақтауына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

45) объектілер мен жабдықтардың қысқы жағдайларының жұмыс істеуге әзірлігін бағалау жөніндегі электр энергетикасы кәсіпорындары комиссияларының жұмысына қатысады;

46) электр станцияларының, электр және жылу желілерінің энергетикалық жабдығының, сондай-ақ тұтынушылардың энергетикалық жабдығының жай-күйін мерзімдік тексеруді жүзеге асырады;

47) тұтынушылардың белгіленген қуаты 100 кВт-тан жоғары электр қондырғыларының электр желілеріне қосылуына рұқсат береді;

48) энергетика ұйымдарының басшылары мен мамандарын аттестаттауды жүзеге асырады;

49) энергетикалық сараптама жүргізуге ұйымдарды және электр зертханаларын аккредиттеуді, энергия үнемдеу саясатының орындалуын бақылауды, заңды тұлғалардың энергетикалық тиімділігін тексеруді жүзеге асырады;

50) Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілері техникалық талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

51) электр станцияларының, электр және жылу желілерінің энергетикалық жабдығын, сондай-ақ тұтынушылардың электр мен жылу пайдаланатын қондырғыларын пайдалануды және олардың техникалық жай-күйін бақылауды жүзеге асырады;

52) энергия үнемдеудің нормативтік-әдістемелік актілерін, құқықтық және экономикалық тетіктерін әзірлеуді ұйымдастырады;

53) Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасына сәйкес жанартылған электр көздерін пайдалану объектілерін электр тарататын ұйымдардың электр немесе жылу желілеріне қосуға бақылауды жүзеге асырады;

54) Қазақстанның бірыңғай электр энергетикасы жүйесін бірнеше бөлікке бөлінуге, тұтынушыларды электр және жылу энергиясы бойынша жаппай шектеуге, ірі энергетикалық жабдықтың бұзылуына әкеп соқтырған электр станцияларының, жылу және электр желілерінің жұмысындағы ірі технологиялық бұзылуларды тексерудің есебін жүргізеді;

55) электр энергетикасы туралы заңнаманың анықталған бұзушылықтарын жою үшін электр энергетикасы

объектілерінің басшыларына белгіленген үлгідегі ұйғарымдар береді немесе акті жасайды;

56) мыналарға:

электр және жылу энергиясының сапасы бойынша техникалық шарттар талаптарының сақталуына;

өз құзыреті шегінде электр және жылу энергиясын пайдалану қағидаларының сақталуына;

электр және жылу энергиясын өндіру, тарату, тұтыну режимдерінің ұтымды және үнемді пайдаланылуына, оңтайландырылуына;

электр станцияларының, электр және жылу желілерінің күзгі-қысқы жағдайларда жұмысқа әзірлігіне мемлекеттік энергетикалық бақылауды жүзеге асырады;

57) Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындайды;

58) бақылауға алынған энергетикалық жабдықтарды тексеру, энергетикалық ұйымдарға кешенді тексеру және электр станцияларының, электр және жылу жүйелерінің энергетикалық жабдықтарының жұмысында техникалық бұзушылықтарға тексеру жүргізу кезінде сарапшыларды тартады;

59) тиісті мемлекеттік органдарға авариялардың, жазатайым оқиғаның болуына себепші және өзге де электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің техникалық талаптарын өрескел бұзған жауапты тұлғаларды тәртіптік жазаға тарту туралы ұйымдардың иелеріне ұсыныстар енгізеді немесе Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасының бұзылуына кінәлі тұлғаларды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әкімшілік немесе қылмыстық жауапқа тарту туралы материалдар жібереді;

60) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы аккредиттеуді жүргізеді;

61) аккредиттеу туралы куәлік алған заңды тұлғалардың тізілімін жүргізеді;

62) Қазақстан Республикасының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы заңнамасы талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

63) «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағынан басқа арнайы экономикалық аймақтарды құру, олардың жұмыс істеуі және оларды тарату саласындағы мемлекеттік органдардың және басқарушы компаниялардың қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;

64) «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағынан басқа арнайы экономикалық аймақтың қызметіне қатысу үшін арнайы экономикалық аймақтың қатысушыларын тартады;

65) арнайы экономикалық аймақтардың басқару органдары ұсынатын мәліметтердің негізінде арнайы экономикалық аймақ қатысушыларының бірыңғай тізілімін жүргізеді;

66) арнайы экономикалық аймақты құру немесе тарату туралы ұсыныстар әзірлейді;

67) арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы ретінде қызметті жүзеге асыру туралы шарттар талаптарының орындалуына мониторингті, сондай-ақ мониторингтің деректеріне талдауды жүзеге асырады;

68) арнайы экономикалық аймақтардың қызметі нәтижелеріне талдауды жүзеге асырады;

69) тиісті мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, басқарушы компанияны басқару үшін тұлғаларды конкурстық іріктеуді жүргізеді;

70) инвестицияларды мемлекеттік қолдауды жүзеге асырады;

71) белгіленген тәртіппен мемлекеттік заттай гранттарды беру туралы шешімдерді қабылдайды;

72) инвестициялық артықшылықтар беру туралы шешімдер қабылдайды;

73) инвестициялық преференцияларды ұсынуға арналған өтінімдерді қабылдайды, тіркейді және қарастырады;

74) инвестициялық артықшылықтар беруге келісімшарттар жасасады, тіркейді және оларды бұзады;

75) инвестициялық артықшылықтарды беруге арналған келісімшарттар талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

76) инвестициялық жобаларды инвестициялық стратегиялық жобалар тізбесіне енгізу мәніне өтінімдерді қабылдайды және қарастырады;

77) республикалық және өңірлік индустрияландыру карталарына енгізілген жобалардың іске асырылуына мониторингті жүзеге асырады;

78) ойыншықтардың қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттерді келіседі;

79) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құзырет шегінде ойыншықтардың техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестігіне бақылауды жүзеге асырады;

80) ойыншықтар өндірісін, нарықта өткізілуін және айналымын тоқтата тұру туралы ұйғарымдар береді;

81) Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасының сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

81-1) сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу жөніндегі органды таңдау бойынша конкурстарды ұйымдастырады және өткізеді;

- 82) техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесін қалыптастыруға қатысады;
- 83) мемлекеттік басқару органдарының, жеке және заңды тұлғалардың метрологиялық қызметтерінің жұмысын жүзеге асыру жөніндегі нормативтік құжаттарды келіседі;
- 84) техникалық реттеу саласындағы заңды тұлғаларды аккредиттеу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;
- 85) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 11.04.2014 N 345 қаулысымен;
- 86) өлшем құралдарының үлгісін бекіту туралы шешімдер қабылдайды;
- 87) тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі саласын қоспағанда, техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;
- 88) аумақтық сауда-өнеркәсіп палаталарының қызметін тауардың шығу тегі туралы сертификатты беру тәртібінің сақталуына және ішкі айналымға арналған тауардың шығу тегі туралы сертификатты беру тәртібінің сақталуына уәкілетті органның (ұйымның) қызметіне жыл сайын тексеру жүргізу, кеден одағы тауарының және (немесе) шетелдік тауардың мәртебесін айқындау арқылы бақылауды жүзеге асырады;
- 89) әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамада көзделген тәртіппен аккредиттеу аттестатын тоқтата тұру, алып қою мәселелерін үйлестіреді;
- 90) техникалық-экономикалық ақпараттың ұлттық жіктеуіштері тізілімін жүргізеді;
- 91) Қазақстан Республикасында техникалық-экономикалық ақпаратты жіктеу мен кодтау жүйесін құру және оның жұмыс істеуін бақылау жөніндегі жұмыстарын үйлестіреді;
- 92) жобалар мен техникалық регламенттердің техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік саясатқа және «Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 1-тармағында көзделген мақсаттарға сәйкестігін талдауды және сараптама жүргізуді ұйымдастырады;
- 93) стандарттау жөніндегі техникалық комитеттермен және техникалық реттеу мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды;
- 94) мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің тізілімін жүргізуді ұйымдастырады;
- 95) Нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорының жұмысын ұйымдастырады және үйлестіреді;
- 96) ақпараттық орталықтың жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;
- 97) сәйкестікті растау, тауардың шыққан елін аккредиттеу, Кедендік одақ тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларды даярлауды, қайта даярлауды, біліктілігін арттыруды және оларды аттестаттауды ұйымдастырады;
- 98) тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі саласын қоспағанда, техникалық регламенттерде белгіленген талаптардың сақталуына мемлекеттік бақылау жүргізу бойынша жұмыстарды ұйымдастырады және үйлестіреді;
- 99) техникалық регламенттермен үйлестірілген стандарттарды талдауды және әзірлеуді ұйымдастырады;
- 100) нормативтік техникалық құжаттардың ресми басылымдарда басылып шығарылуы мен таратылуын ұйымдастырады;
- 101) стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі аудармаларын растауды ұйымдастырады;
- 102) сәйкестікті растау саласындағы шағымдарды (апелляцияларды) қарау үшін апелляциялық комиссия құрады;
- 103) басқа ұйымдар шығарған сәйкестікті растау мәселелері бойынша, егер олар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесінің талаптарына жауап бермейтін болса, құжаттардың күшін жою туралы ұсыныстар дайындайды;
- 104) зертханааралық салыстырмалы сынау (салыстыру) жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;
- 105) Қазақстан Республикасының метрологиялық қызмет жұмысын үйлестіруді жүзеге асырады;
- 106) шама бірлігінің мемлекеттік эталондарын бекітеді;
- 107) Қазақстан Республикасының аумағында қолданылуға жол берілуі мүмкін бірліктердің халықаралық жүйесіне кірмейтін шамаларды айқындайды;
- 108) метрология саласында ғылыми зерттеулер жүргізуді ұйымдастырады;
- 109) Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын шама бірліктерінің мемлекеттік эталондарының сыныптамасын белгілейді;
- 110) өлшем құралдарына, әдістері мен нәтижелеріне, өлшем құралдарын тексеру әдістемелеріне жалпы метрологиялық талаптарды айқындайды;
- 111) өлшем құралдарын тексеру және калибрлеу нәтижелерін салыстыруды ұйымдастырады;
- 112) өлшем бірліктерін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесінің тізілімін жүргізуді ұйымдастырады;
- 113) мемлекеттік метрологиялық бақылауды ұйымдастырады және өткізеді;
- 114) техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімнің тізілімін жүргізеді;

- 115) Кеден одағының техникалық регламентіне сәйкес энергия тұтынатын электр құрылғылардың техникалық құжаттамасында және заттаңбаларында энергия тиімділігінің сыныбы мен сипаттамаларының белгіленуіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;
- 116) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы мен Мемлекеттік елтаңбасын дайындау бойынша лицензиялауды жүзеге асырады;
- 117) кең таралған пайдалы қазбалар және жер асты суларын қоспағанда, өндіруші салалардың бөлігіндегі қызметінің ашықтығы бастамасын іске асыруды жүзеге асырады;
- 118) «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 6-тармағында көзделген жағдайларда тәулігіне екі мың және одан да көп текше метр көлемінде жер асты өндірістік-техникалық суларын барлау және өндіру рұқсатын береді және кері қайтарады;
- 119) жер қойнауын пайдалану құқығын береді және жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуге келісімшарттар (шарттар) жасасады;
- 120) жер қойнауының мемлекеттік сараптамасын ұйымдастырады және жүргізеді, пайдалы қазбалар қорларын бекітеді;
- 121) жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу саласындағы жұмыстарды жүргізуге арналған жобалық-сметалық құжаттаманың экономикалық сараптамасын ұйымдастырады және жүргізеді;
- 122) пайдалы қазбалар қорларының мемлекеттік теңгерімін, кен орындарының және пайдалы қазбалардың білінулері, қауіпті геологиялық үдерістердің мемлекеттік кадастрларын жасауды ұйымдастырады және жүргізеді;
- 123) тарихи шығындардың мөлшерін, жер қойнауы туралы геологиялық ақпараттың құнын және алу шартын айқындайды;
- 124) геологиялық ақпараттың республикалық және аумақтық қорларын ұйымдастырады және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;
- 125) жер қойнауын пайдаланушылардың Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасын және кең таралған пайдалы қазбаларға қатысты бөлігінде жер қойнауын пайдаланудың белгіленген тәртібін сақтауына бақылауды жүзеге асырады;
- 126) кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге, жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуге және барлаумен және өндіруге байланысты емес жерасты ғимараттарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған келісімшарттарды қоспағанда, қатты пайдалы қазбалар, жерасты сулары және емдік балшықтар бөлігінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудағы жергілікті қамту және кадрлардағы жергілікті қамту бойынша міндеттемелерді қоса алғанда, жер қойнауын пайдаланушылардың келісімшарттар талаптарын орындалуына бақылауды жүзеге асырады;
- 127) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібін жер қойнауын пайдаланушылардың сақтауына бақылауды жүзеге асырады;
- 128) ұлттық басқарушы холдингінің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың, олардың еншілес және аффилиирленген компанияларының, мемлекет қатысатын өзге де заңды тұлғалардың сатып алуындағы жергілікті қамтуды бақылауды жүзеге асырады;
- 129) жер қойнауын зерттеу мен пайдалану саласындағы нормативтік техникалық құжаттар әзірлеуді жүзеге асырады;
- 130) конкурсқа шығаруға жататын жер қойнауы учаскелері тізбелерінің жобаларын қалыптастыру бойынша құзыретті органға ұсыныстар енгізеді;
- 131) жер қойнауын, минералдық шикізатты бастапқы өңдеуді (байытуды) қоса алғанда, ұтымды және кешенді пайдалануды бақылауды жүзеге асырады;
- 132) геологиялық және тау-кен бөлінісін береді;
- 133) техногендік минералдық тізілімдердің мемлекеттік кадастрын ұйымдастырады және жүргізеді;
- 134) келісімшарттардың жобалары мен жұмыс бағдарламаларын келіседі;
- 135) суды пайдаланушылар мен гидрометеорологиялық қызмет ұсынатын жерасты суларын пайдалануды есепке алу деректерінің негізінде жерасты суларын мемлекеттік есепке алуды жүзеге асырады;
- 136) жерасты сулары бөлігінде мемлекеттік су кадастрын жүргізеді;
- 137) жер бетіндегі су объектілері жоқ, бірақ ауыз су сапасындағы жерасты суларының жеткілікті қорлары бар аумақтарда ауыз сумен және шаруашылық-тұрмыстық сумен қамтамасыз етуге байланысты емес мақсаттар үшін ауыз су сапасындағы жерасты суларын пайдалануға рұқсаттарды келіседі;
- 138) жерасты су объектілерінің сарқылуын болғызбауға бағытталған су қорғау іс-шараларына рұқсаттарды келіседі;
- 139) бассейндік схемалардың және су объектілеріне шекті жол берілетін зиянды әсер ету нормативтерінің негізінде жерасты су объектілеріне арналған су пайдалану лимиттерін келіседі;
- 140) су объектілерінде, су қорғау аймақтарында және жолақтарында кәсіпорындар мен басқа да ғимараттарды

орналастыру, жобалау, салу, қайта жаңарту және пайдалануға беру шарттарын келіседі;
141) бұрғылау және басқа да тау-кен жұмыстарын өткізуге жобалық құжаттаманы, жер асты су объектілері арқылы коммуникация құрылыстарының жобаларын келіседі;
142) жерасты су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындар мен басқа да құрылыстарды салуға, қайта жаңартуға, пайдалануға, консервациялауға, жоюға, сондай-ақ орталықтандырылмаған ауыз сумен қамтамасыз ету кезінде жерасты су объектілерінен тікелей жерасты суын алуға қорытындылар береді;
143) «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда ілеспе және (немесе) табиғи газды алау түрінде жағуға рұқсаттарды келіседі;
144) пайдалы қазбаларды барлау мен игеру жөніндегі орталық комиссияның ұсынымдары негізінде жобалау келіседі;
145) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына құрамында кең таралған пайдалы қазбалар бар, конкурсқа шығарылуға жататын жер қойнауы учаскелері тізбелерінің жобаларын қалыптастыру жөнінде ұсыныстар енгізеді;
146) кен орындары қорларын сынамалы пайдалануды жүргізу талаптары мен мерзімдерін айқындайды;
147) жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуге арналған келісімшарттардың (шарттардың) орындалуы жөніндегі бақылау мен оның мониторингін жүзеге асырады;
148) жер қойнауының мемлекеттік мониторингін жүзеге асырады;
149) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тәртіпке сәйкес жер қойнауы туралы геологиялық және өзге де ақпаратты сақтау, жүйелеу және қорытуды жүзеге асырады;
150) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен бірлесе отырып, жер қойнауын қорғау саласындағы талаптарды бұзу салдарынан келтірілген нұқсанның мөлшерін айқындайды;
151) келісімшарт (шарт) негізінде жер қойнауын пайдаланушыға берілген жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуге жер қойнауын пайдалану құқығын беруді алдын ала келіседі;
152) конкурс туралы хабарлама берілгенге дейін геологиялық ақпарат топтамаларын дайындайды және оның құнын айқындайды;
153) барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға келісімшарт жасасу жөніндегі тікелей келіссөздерге қатысуға арналған өтінімге қорытынды береді;
154) пайдалы қазбаларды барлау мен игеру жөніндегі орталық комиссиямен келісім бойынша пайдалы қазбалардың бекітілген қорларының көлеміне қарай өндіру жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған жобалау құжаттарының қолданылу мерзімін ұзартарды;
155) жер қойнауын ұтымды әрі кешенді пайдалану саласындағы өндіру жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған жобалау құжаттарына сараптама жүргізеді;
156) жерасты суларын тәулігіне екі мың текше метрден астам көлемде өндіру кезінде, сондай-ақ пайдалы қазбаны өндірудің технологиялық схемасына сәйкес оларды қабаттарға айдау үшін жерасты суларының кен орындарын игеру жобасын пайдалы қазбаларды барлау мен игеру жөніндегі орталық комиссияның ұсыныстары негізінде бекітеді;
157) «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 70-бабының 2-тармағына сәйкес айқындалған бір келісімшарттық аумақ шегінде жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізу тәртібін келіседі;
158) ілеспе газды қайта өңдеуді дамыту бағдарламаларын келіседі;
159) кен орнында бірыңғай объект ретінде бірлескен барлау немесе өндіру туралы шартты жасасу кезінде бүкіл кен орны үшін бірыңғай жұмыс бағдарламасын келіседі;
160) жобалау ұйымы әзірлеген жер қойнауын пайдалану объектілерінің жою немесе консервациялау жобаларын келіседі;
161) құзыретті органның тарату қорын пайдалану жөніндегі рұқсатын келіседі;
162) алдағы салынатын құрылыс учаскелері астындағы жер қойнауында пайдалы қазбалардың жоқтығы туралы немесе оның маңыздылығының аздығы туралы қорытынды береді;
163) пайдалы қазбалар жатқан алаңдарда құрылыстар салуға, сондай-ақ олар жатқан орындарда жерасты құрылыстарын салуға рұқсат береді;
164) жер қойнауын зерделеу мен пайдалануды мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;
165) мемлекеттік органдарға пайдалы қазбалар қорларының мемлекеттік теңгерімі бойынша ақпаратты Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен береді;
166) жер қойнауын пайдаланушылармен бірлесіп, жер қойнауын ұтымды пайдалану саласындағы талаптардың бұзылуы салдарынан келтірілген зиянның мөлшерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен айқындайды;

- 167) Кеден одағының аумағы шегінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы геологиялық ақпаратты әкетуге рұқсат беруді жүзеге асырады;
- 168) Кеден одағының аумағынан тысқары жерлерге геологиялық ақпаратты әкетуге арналған Кеден одағының уәкілетті мемлекеттік органы берген лицензияны келіседі;
- 169) туристік салаға инвестициялар тарту жөніндегі бірыңғай саясатты іске асыруға қатысады;
- 170) туристік қызмет, туризм және туристік индустрия саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;
- 171) туристік қызмет саласындағы заңнаманы қолдану тәжірибесін қорытып жинақтайды және оны жетілдіру жөнінде ұ с ы н ы с т а р е н г і з е д і ;
- 172) туристік қызмет саласындағы салааралық және өңіраралық үйлестіруді, туристік қызметті жүзеге асыратын отандық, шетелдік және халықаралық туристік, қоғамдық және басқа да ұйымдармен және тұлғалармен өзара іс-қимыл ж а с а у д ы ж ү з е г е а с ы р а д ы ;
- 173) соттарға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап-арыздар береді;
- 174) Қазақстан Республикасының туристік қызмет туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге а с ы р а д ы ;
- 175) өз құзыреті шегінде туристік қызмет саласындағы халықаралық шарттарды орындайды, сондай-ақ халықаралық ұйымдарда және халықаралық іс-шараларда мемлекеттің туризм саласындағы мүдделерін білдіреді және олардың ж ұ м ы с ы н а қ а т ы с а д ы ;
- 176) туристік қызмет саласындағы стандарттау аясындағы қызметті реттейді;
- 177) Қазақстан мен оның туристік мүмкіндіктері туралы ақпаратты халықаралық туристік нарықта және мемлекет ішінде, оның ішінде туристік қызмет саласындағы республикалық және халықаралық көрмелер мен жәрменкелер өткізу ж о л ы м е н т а р а т а д ы ;
- 178) туризм мен туристік индустрияны дамытудың стратегиялық бағыттарын кешендік талдауды, болжауды жүзеге асырады және туристік саланы дамытудың жай-күйіне мониторинг жүргізеді;
- 179) туристік нарықты зерттеуге, туристік қызмет саласындағы баспа, жарнамалық және картографиялық өнімге мемлекеттік та п с ы р ы с т ы о р н а л а с т ы р а д ы ;
- 180) туристік саланы дамытуға үлес қосқан тұлғаларды Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттауға және құрметті атақтарын беруге ұсынады;
- 181) туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғаларды және туристерді уақытша болатын елдегі (жердегі) ықтимал қ а у і п т е р т у р а л ы х а б а р д а р е т е д і ;
- 182) «Туроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген туроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу жөніндегі міндетін туроператордың және турагенттің орындауына мемлекеттік ба қ ы л а у д ы ж ү з е г е а с ы р а д ы ;
- 183) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес туризм қызметін лицензиялауды жүзеге асырады;
- 184) атом энергиясы саласындағы өз өкілеттіктерін орындауға байланысты инспекциялар өткізеді;
- 185) атом энергиясын пайдалану саласындағы нормалар мен қағидалардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады;
- 186) ядролық қондырғылар, ядролық материалдар және иондаушы сәулелену көздерінің физикалық қорғалуының қамтамасыз етілуіне ба қ ы л а у д ы ж ү з е г е а с ы р а д ы ;
- 187) радиациялық қауіпсіздік нормалары мен қағидаларын, лицензиялар шарттарының сақталуын бақылауды жүзеге а с ы р а д ы ;
- 188) Қазақстан Республикасының аумағында радиациялық жағдайға мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;
- 189) ядролық материалдарды, технологияларды, жабдықтарды, арнайы ядролық емес материалдарды, иондаушы сәулелену көздерін, ұлттық қауіпсіздік мақсатында бақыланатын тауарларды қоса алғанда, өз құзыреті шеңберінде экспорттық бақылауға жататын өнімдердің экспортын, импортын, өткізілуін, транзитін және орналастырылуын ба қ ы л а у д ы ж ү з е г е а с ы р а д ы ;
- 190) коммерциялық мақсатта беруді, сатуды немесе сатып алуды немесе коммерциялық емес сипатта беруді қамтитын , атом энергиясын пайдалану саласындағы тауарлар мен қызметтердің экспорты мен импортын бақылауды жүзеге а с ы р а д ы ;
- 191) ядролық материалдар және иондаушы сәулелену көздерін мемлекеттік есепке алу мен бақылауды жүзеге а с ы р а д ы ;
- 192) иондаушы сәулелену көздерінің тізілімін жүргізуді жүзеге асырады;
- 193) өз құзыреті шеңберінде иондаушы сәулелену көздерінің, экспорттық бақылауға жататын өнімдердің және ұлттық қауіпсіздік мақсатында бақыланатын тауарлардың импортын, экспортын, импортын және транзитін келісуді жүзеге а с ы р а д ы ;

194) атом энергиясын пайдаланумен байланысты қызмет түрлерін лицензиялауды және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензияның қолданылу шарттарының орындалуын тексеруді жүзеге асырады;

195) радиациялық қорғау жөніндегі ұлттық комиссияның қызметін қамтамасыз етеді;

196) радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы нормалар мен қағидалардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

197) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 17-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 01.07.2013 № 661; 08.11.2013 № 1190; 31.12.2013 № 1538; 11.04.2014 N 345 қаулыларымен.

18. Құқықтары мен міндеттері:

1) өз құзыреті шегінде орындауға міндетті нормативтік құқықтық актілерді қабылдайды;

2) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпарат пен материалдарды сұратады және алады;

3) Қазақстан Республикасының Президентіне және Үкіметіне Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі реттейтін салалардағы қызметті жетілдіру бойынша ұсыныстарды енгізеді;

3-1) сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу жөніндегі органды тексеру нәтижелері бойынша мәртебесінен айыру туралы ұсыныммен Қазақстан Республикасының Үкіметіне жүгінеді;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қазақстан Республикасының Президенті және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілеріне сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асырады.

Ескерту. 18-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 11.04.2014 N 345 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің қызметін ұйымдастыру

19. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігіне басшылықты Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын Министр жүзеге асырады.

20. Министрді Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

21. Министрдің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары (вице-министрлері) болады.

22. Министрдің өкілеттіктері:

1) реттелетін саладағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлейді;

2) өз орынбасарларының өкілеттіктерін айқындайды;

3) вице-министрлердің біріне Қазақстан Республикасы Үкіметінің басшылығына және Премьер-Министрі Кеңесінің Басшысына жіберілетін құжаттарға қол қою бойынша өкілеттіктерді жүктейді;

4) жауапты хатшымен келісім бойынша ведомстволар басшыларының орынбасарларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

5) ведомстволар актілерінің қолданылуын толық немесе ішінара тоқтатады немесе тоқтата тұрады;

6) Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігін Қазақстан Республикасының Парламентінде, мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда білдіреді;

7) Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің жұмыс регламентін бекітеді;

8) Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігіне келісуге келіп түскен нормативтік құқықтық актілердің жобаларын келіседі және қол қояды;

9) Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша шаралар қабылдайды және оған дербес жауапты болады;

10) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Министр болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

23. Министр өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

24. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын жауапты хатшы басқарады.

4. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің мүлкі

25. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

26. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігіне бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

27. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті дербес иеліктен шығаруға немесе өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігін қайта ұйымдастыру және тарату

28. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің және оның ведомстволарының қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 25.05.2013 N 516; 30.11.2013 N 1294 қаулыларымен.

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар

«Қарағандышахтатарату» республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

Акционерлік қоғамдар

1. «NADLoC» жергілікті қамтуды дамыту жөніндегі ұлттық агенттік» акционерлік қоғамы.
2. «ДостықЭнерго» акционерлік қоғамы.
3. «Шағын кәсіпкерлік жөніндегі республикалық ақпараттық-көрме орталығы» жабық акционерлік қоғамы.
4. «Қазақстандық индустрияны дамыту институты» акционерлік қоғамы.
5. «Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» акционерлік қоғамы.
6. «Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағының басқарушы компаниясы» акционерлік қоғамы.
7. «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы.
8. «Қазгеология» ұлттық геологиялық барлау компаниясы» акционерлік қоғамы.
9. «Электр энергетикасын дамыту және энергия үнемдеу институты (Қазақэнергиясараптама)» акционерлік қоғамы.

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Атом энергиясы комитеті Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар

1. «Қазақстан Республикасының ұлттық ядролық орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны.
2. «Ядролық физика институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны.
3. «Геофизикалық зерттеулер институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

Акционерлік қоғамдар

«Ядролық технологиялар паркі» акционерлік қоғамы.

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Инвестиция комитеті Акционерлік қоғамдар

1. «KAZNEX INVEST» экспорт және инвестиция жөніндегі ұлттық агенттік» акционерлік қоғамы.
2. «Қазақстандық индустрияны дамыту институты» акционерлік қоғамы.

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Өнеркәсіп комитеті Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар

1. «Қазақстан Республикасының минералдық шикізатты кешенді қайта өңдеу жөніндегі ұлттық орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны (шаруашылық жүргізу құқығында), Алматы қаласы.
2. «Кентау СуШар» республикалық мемлекеттік кәсіпорны (шаруашылық жүргізу құқығында), Оңтүстік Қазақстан облысы, Кентау қаласы.
3. «Жезқазғансирекмет» республикалық мемлекеттік кәсіпорны (шаруашылық жүргізу құқығында), Жезқазған қаласы.
4. «Ұлттық технологиялық болжау орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны (шаруашылық жүргізу құқығында), Алматы қаласы.

Акционерлік қоғамдар

1. «Қазақстан трактор» ашық акционерлік қоғамы, Павлодар қаласы.
2. «Инфекцияға қарсы препараттар ғылыми орталығы» акционерлік қоғамы, Алматы қаласы.
3. «KAZNEX INVEST» экспорт және инвестиция жөніндегі ұлттық агенттік» акционерлік қоғамы.
4. «Қазақстандық индустрияны дамыту институты» акционерлік қоғамы.

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар

1. «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты (ҚазСтИн)» республикалық мемлекеттік кәсіпорны (шаруашылық жүргізу құқығында), Астана қаласы.
2. «Қазақстан метрология институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны» (шаруашылық жүргізу құқығында), Астана қаласы.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер

1. «Ұлттық аккредиттеу орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Астана қаласы.
2. «ТРМК Координатор» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Астана қаласы.

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау комитеті Акционерлік қоғамдар

Ескерту. Кіші бөлім алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 30.11.2013 N 1294 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар

1. «Геология және минералдық ресурстар ақпараттық-талдау орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны.
2. «Мамандандырылған гравиметриялық кәсіпорын» республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі ведомстволарының қарамағындағы аумақтық органдардың тізбесі Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Туризм индустриясы комитеті

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Туризм индустриясы комитетінің аумақтық департаменті – «Бурабай» арнайы экономикалық аймағының әкімшілігі.

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті

1. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті.

1. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау комитетінің Ақмола облысы бойынша аумақтық департаменті.
2. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау комитетінің Ақтөбе облысы бойынша аумақтық департаменті.
3. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау комитетінің Алматы облысы бойынша аумақтық департаменті.
4. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау комитетінің Атырау облысы бойынша аумақтық департаменті.
5. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша аумақтық департаменті.
6. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау комитетінің Жамбыл облысы бойынша аумақтық департаменті.
7. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша аумақтық департаменті.
8. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау комитетінің Қарағанды облысы бойынша аумақтық департаменті.
9. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау комитетінің Қостанай облысы бойынша аумақтық департаменті.
10. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша аумақтық департаменті.
11. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау комитетінің Маңғыстау облысы бойынша аумақтық департаменті.
12. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау комитетінің Павлодар облысы бойынша аумақтық департаменті.
13. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша аумақтық департаменті.
14. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша аумақтық департаменті.
15. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау комитетінің Астана қаласы бойынша аумақтық департаменті.
16. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау комитетінің Алматы қаласы бойынша аумақтық департаменті.

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің және оның ведомстволарының қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің тізбесі Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі

Ескерту. Бөлім алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 10.10.2013 № 1083 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Өнеркәсіп комитеті

«Микрография ғылыми-зерттеу институты» республикалық мемлекеттік мекемесі, Орал қаласы.

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті

«Қазгеоақпарат» республикалық геологиялық ақпарат орталығы» республикалық мемлекеттік мекемесі, Астана қаласы.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 4 ж ы л ғ ы 2 6 қ а р а ш а д а ғ ы
N 1 2 3 7 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2010.05.14 N 416, өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.03 № 508, 2010.11.24 N 1240, 2011.03.04 N 228, 2011.05.30 N 602, 2011.07.21 N 836, 2011.09.20 N 1076, 2012.07.09 № 926, 2012.12.04 N 1531 Қаулыларымен.

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

Ескерту. Тізбе алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 26.02.2013 N 186 қаулысымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
 Ү к і м е т і н і ң
 2 0 0 4 жылғы 2 6 қарашадағы
 N 1 2 3 7 қаулысымен
 бекітілген

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда
 министрлігінің Өнеркәсіп және ғылыми-техникалық
 дамыту комитеті туралы
ЕРЕЖЕ

Ескерту. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.12.05. N 1180 (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз)
 Қаулысымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
 Ү к і м е т і н і ң
 2 0 0 4 жылғы 2 6 қарашадағы
 N 1 2 3 7 қаулысымен
 бекітілген

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда
 Сауда қызметін реттеу комитеті министрлігінің
 ЕРЕЖЕ туралы

Ескерту. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.12.05. N 1180 (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз)
 Қаулысымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
 Ү к і м е т і н і ң
 2 0 0 4 жылғы 2 6 қарашадағы
 N 1 2 3 7 қаулысымен
 бекітілген

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда
 Бәсекелестікті қорғау комитеті министрлігінің
 ереже туралы

Ескерту. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.12.05. N 1180 (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз)
 Қаулысымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
 Ү к і м е т і н і ң
 2 0 0 4 жылғы 2 6 қарашадағы
 N 1 2 3 7 қаулысымен
 бекітілген

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда
 Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері
 комитеті туралы
ЕРЕЖЕ

Ескерту. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.12.05. N 1180 (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз)
Қаулысымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 4 жылғы 2 6 қ а р а ш а д а ғ ы
N 1 2 3 7 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті туралы
ЕРЕЖЕ

Ескерту. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.12.05. N 1180 (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз)
Қаулысымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 4 жылғы 2 6 қ а р а ш а д а ғ ы
N 1 2 3 7 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Қазақстан Республикасы Индустрия және
сауда министрлігінің Инвестиция комитеті туралы
ЕРЕЖЕ

Ескерту. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.12.05. N 1180 (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз)
Қаулысымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 4 жылғы 2 6 қ а р а ш а д а ғ ы
N 1 2 3 7 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
Өнеркәсіп және ғылыми-техникалық дамыту комитетінің
құрылымы

Ескерту. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.12.05. N 1180 (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз)
Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
Бәсекелестікті қорғау комитетінің
құрылымы

Ескерту. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.12.05. N 1180 (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз)
Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
Сауда қызметін реттеу комитетінің
құрылымы

Ескерту. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.12.05. N 1180 (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз)
Қаулысымен.

**Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері
комитетінің құрылымы**

Ескерту. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.12.05. N 1180 (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз)
Қаулысымен.

**Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
Техникалық реттеу және метрология комитетінің
құрылымы**

Ескерту. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.12.05. N 1180 (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз)
Қаулысымен.

**Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
Инвестиция комитетінің
құрылымы**

Ескерту. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.12.05. N 1180 (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз)
Қаулысымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 4 ж ы л ғ ы 2 6 қ а р а ш а д а ғ ы
N 1 2 3 7 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2010.05.14 N 416 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің аумақтық органдары — мемлекеттік мекемелерінің тізбесі

Ескерту. Тізбе алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 26.02.2013 N 186 қаулысымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 4 ж ы л ғ ы 2 6 қ а р а ш а д а ғ ы
№ 1 2 3 7 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің өңіраралық департаменттері - мемлекеттік мекемелерінің тізбесі

Ескерту. Тізбе алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 26.02.2013 N 186 қаулысымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 4 ж ы л ғ ы 2 6 қ а р а ш а д а ғ ы
№ 1 2 3 7 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау комитеті аумақтық департаменттері - мемлекеттік мекемелерінің тізбесі

Ескерту. Тізбе алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 26.02.2013 N 186 қаулысымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң

2004 жылғы 26 қарашадағы
N 1237 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің
Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері
комитеті аумақтық бөлімшелерінің
тізбесі**

Ескерту. Тізбе алып тасталды (6-т. 9) т. қараңыз) - ҚР Үкіметінің 2006.08.02 N 730 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы 6 маусымдағы
N 509 қаулысына
қосымша

Ескерту. Қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2006.06.06. N 509 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Бәсекелестікті қорғау комитетінің аумақтық бөлімшелерінің тізбесі

Ескерту. Тізбе алып тасталды (6-т. 9-1) т. қараңыз) - ҚР Үкіметінің 2008.02.15 N 141 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 26 қарашадағы
№ 1237 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар
министрлігі Инвестиция комитетінің қарамағындағы
ұйымдардың тізбесі**

Ескерту. Қаулы тізбемен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2010.11.24 № 1240 Қаулысымен, өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.03.01 N 207, 2011.05.24 N 566, 2011.07.15 N 808 Қаулыларымен.

1. «KAZNEX INVEST» экспорт және инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттігі» акционерлік қоғамы
2. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.07.15 N 808 Қаулысымен.
3. «Қазақстандық индустрияны дамыту институты» акционерлік қоғамы

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 26 қарашадағы
N 1237 қаулысымен
бекітілген

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.12.05 N 1180 (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз), 2008.05.07 N 429, 2010.05.14 N 416, 2010.09.03 N 882, 2010.11.24 № 1240, 2011.03.04 N 228, 2011.03.11 N 246, 2011.05.24 N 566, 2011.09.20 N 1076, 2012.06.31 N 706, 2012.10.15 N 1313 Қаулыларымен.

**Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар
министрлігі Өнеркәсіп комитетінің қарамағындағы
ұйымдардың тізбесі**

Ескерту. Тізбе алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 26.02.2013 N 186 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 26 қарашадағы
N 1237 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің қарамағындағы ұйымдарының тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.08.01 N 801, 2008.04.21 N 371, 2008.04.16 N 352, 2010.05.14 N 416, 2011.09.12 N 1041, 2012.03.31 N 407 Қаулыларымен.

Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар

1. "Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты (ҚазСтИн)" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (шаруашылық жүргізу құқығында), Астана қаласы.

2. "Қазақстан метрология институты" республикалық мемлекеттік кәсіпорны" (шаруашылық жүргізу құқығында), Астана қаласы.

3. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.09.12 N 1041 Қаулысымен.

Акционерлік қоғамдар

Ескерту. Бөлім алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.04.21 N 371 Қаулысымен.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер

"Ұлттық аккредиттеу орталығы" ЖШС, Астана қаласы.

"ТРМК Координатор" ЖШС, Астана қаласы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4 жылғы 2 6

№ 1 2 3 7 қ а у л ы с ы м е н қ а р а ш а д а ғ ы

бекітілген

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау комитетінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

Ескерту. Қаулы тізбемен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2010.05.14 N 416 Қаулысымен, өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.04.02 N 349 Қаулысымен.

«Қазэнергосараптама» акционерлік қоғамы.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4 жылғы 2 6

№ 1 2 3 7 қ а у л ы с ы м е н қ а р а ш а д а ғ ы

бекітілген

Ескерту. Қаулы тізбемен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2010.05.14 N 416 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

1. «Қазгеоақпарат» республикалық геологиялық ақпарат орталығы» ММ.

2. «Геология және минералдық ресурстар ақпараттық-талдау орталығы» РМК.

3. «Мамандандырылған гравиметриялық кәсіпорын» РМК.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4 жылғы 2 6 қ а р а ш а д а ғ ы

N 1 2 3 7 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
Құрылыс және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық істері
комитетінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі**

Ескерту. Тізбе алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2010.05.14 N 416 Қаулысымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 4 жылғы 2 6 қ а р а ш а д а ғы
N 1 2 3 7 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
Инвестиция комитетінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі**

Ескерту. Тізбе алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.04.09. N 280 қаулысымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 4 жылғы 2 6 қ а р а ш а д а ғы
№ 1 2 3 7 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Туризм индустриясы комитетінің
аумақтық бөлімшелері - мемлекеттік мекемелерінің тізбесі**

Ескерту. Тізбе алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 26.02.2013 N 186 қаулысымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 4 жылғы 2 6 қ а р а ш а д а ғы
N 1 2 3 7 қ а у л ы с ы н а
қосымша

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған
кейбір шешімдерінің тізбесі**

1. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің "Қазақстан Республикасының минералдық шикізатты кешенді қайта өңдеу жөніндегі ұлттық орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының " Жезқазғансирекмет" еншілес мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 21 қарашадағы N 1233 қаулысы 4-тармағының 3) тармақшасы.

2. "Қазақстан Республикасы Қорғаныс-өнеркәсіп кешенінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 13 наурыздағы N 244 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 6-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 10 , 1 2 1 - қ ұ ж а т) .

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 12 қыркүйектегі N 996 және 2002 жылғы 18 қарашадағы N 1220 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 сәуірдегі N 334 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 16, 161-құжат).

4. "Экспорттық кредиттерді және инвестицияларды сақтандыру жөніндегі мемлекеттік сақтандыру корпорациясы" акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 мамырдағы N 442 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін толықтырулардың 4-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 19, 195-құжат).

5. "Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі комитетін тарату туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 мамырдағы N 467 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 5 және 6-тармақтары (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 21-22, 211-құжат).

6. "Қазақ Суарнажоба" мемлекеттік жобалау институты" мемлекеттік кәсіпорнын қайта атау туралы" Қазақстан

Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 28 шілдедегі N 752 қаулысы 4-тармағының 2) тармақшасы.

7. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 12 қыркүйектегі N 996 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 шілдедегі N 759 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 30, 304-құжат).

8. "Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 қыркүйектегі N 951 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 38, 385-құжат).

9. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 12 қыркүйектегі N 996 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 6 қазандағы N 1027 қаулысы 1-тармағының 1) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 40, 425-құжат).

10. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 6 тамыздағы N 881 және 2002 жылғы 12 қыркүйектегі N 996 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 желтоқсандағы N 1235 қаулысы 1-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 46, 505-құжат).

11. "Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 23 желтоқсандағы N 1302 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 48, 541-құжат).

12. "Инвестициялық компания: "Қазақстанның Инвестициялық қоры", "Қазақстанның Даму Банкі", "Ұлттық инновациялық қоры" акционерлік қоғамдарының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 қаңтардағы N 68 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 3-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 2, 34-құжат).

13. "Қазақстан инжиниринг" ұлттық компаниясы" (Kazakhstan Engineering)" ашық акционерлік қоғамының кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 10 наурыздағы N 295 қаулысы 5-тармағының 1) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 12, 161-құжат).

14. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 мамырдағы N 570 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 4-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 22, 284-құжат).

15. "Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің "Салааралық ақпарат ғылыми-техникалық орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 тамыздағы N 921 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 4-тармағы.